Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 620.3:66.040.287(043) Қолжазба құқығында

НЫСАНБАЕВА ГУЛЬНУРА РЫСКУЛОВНА

КҮРІШ ҚАУЫЗЫ МЕН КЕУЕКТІ ГРАФИТ НЕГІЗІНДЕГІ МОДИФИЦИРЛЕНГЕН КӨМІРТЕКТІ НАНОМАТЕРИАЛДАР

6D074000 – Наноматериалдар және нанотехнологиялар

Философия докторы (PhD)
дәрежесіне іздену үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшілері:

PhD Құдайбергенов К.К.;

PhD, профессор Роберто Ди Капуа
Фредерико II атындағы
Неаполь университеті, Италия

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

	НОРМАТИВТІК СІЛТЕЛЕМЕЛЕР	4
	АНЫҚТАМАЛАР	5
	БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
	КІРІСПЕ	7
1	**ӘДЕБИ ШОЛУ**	12
1.1	Көміртекті наноматериалдардың жалпы сипаттамасы	12
1.2	Мұнайдың төгілуі: себептері, салдары және жоюдың негізгі әдістері	13
1.3	Мұнай төгінділерін сорбенттермен тазалау	16
1.4	Графиттен термиялық кеңейтілген графит алу	20
1.5	Графиттің интеркалирленген қосылыстарының акцепторлық термолизі	24
1.6	Термиялық кеңейтілген графиттің әртүрлі бағытта жалпы қолданысы	26
1.7	Мақсаттар мен зерттеу әдістерінің мәлімдемесі	29
2	**ТӘЖІРИБЕНІ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ**	31
2.1	Бастапқы реагенттер және құрал-жабдықтар	31
2.2	Наноқұрлымданған кеуекті графит үлгілерін алу әдістемесі	31
2.2.1	Кеуекті графитті тура тотығу арқылы модифицирлеу	31
2.2.2	Наноқұрылымданған кеуекті графит үлгілерінің ісіну коэффициенті мен көрсеткіші және олардың өзара байланысы	32
2.2.3	Интеркалирленген графит қосылысының термолизін зерттеу әдістемесі	32
2.3	Күріш қауызын көміртектендіру әдістемесі	32
2.4	Көміртекті наноқұрылымданған кеуекті үлгілерді анықтаудың физика-химиялық әдістері	34
2.4.1	Сканерлеуші электронды микроскопиялық талдау әдісі	34
2.4.2	Энергиядисперсиялық рентгендік микроталдау әдісі	34
2.4.3	Раман спектроскопиялық талдау әдісі	34
2.4.4	Рентгенфазалық талдау әдісі	35
2.4.5	Инфрақызыл спектроскопиялық талдау әдісі	36
2.4.6	Спектрофотометриялық талдау әдісі	37
2.5	Кеуектің көлемін және меншікті бетінің ауданын анықтау әдісі	37
2.5.1	Азоттың төмен температуралы адсорбциясын талдау	37
2.6	Көміртекті наноқұрылымданған кеуекті үлгілердің су сіңіргіштігін анықтау	39
2.7	Көміртекті наноқұрылымданған кеуекті үлгілердің мұнай сорбциялық қасиетін анықтау	40
2.8	Наноқұрылымданған кеуекті графит үлгілерін сілтілеу әдісі	40
3	**МОДИФИЦИРЛЕНГЕН НАНОҚҰРЫЛЫМДАНҒАН КЕУЕКТІ КӨМІРТЕКТІ ҮЛГІЛЕР АЛУ**	42
3.1	Модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті графиттің үлгілерін алу	42

3.2	Көміртектенген күріш қауызының үлгілерін алу	47
3.3	Модифицирленген наноқұрылымданған үлгілердің кеуекті құрылымын зерттеу	49
4	**МОДИФИЦИРЛЕНГЕН НАНОҚҰРЫЛЫМДАНҒАН КЕУЕКТІ ҮЛГІЛЕРДІҢ ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ**	55
4.1	Модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті үлгілердің бетінің құрылымдық ерекшеліктерін сканерлеуші электронды талдау көмегімен зерттеу нәтижелері	55
4.2	Модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті үлгілерді Раман спектроскопиялық әдісімен талдау нәтижелері	65
4.3	Кеңейтілген графит және көміртектенген күріш қауызы негізіндегі модифицирленген кеуекті үлгілердің рентгенфазалық талдауы	67
4.4	Модифицирленген кеуекті үлгілердің Инфрақызыл спектроскопиялық талдауы	70
5	**МОДИФИЦИРЛЕНГЕН НАНОҚҰРЫЛЫМДАНҒАН КЕУЕКТІ ҮЛГІЛЕРДІҢ МҰНАЙ СОРБЦИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ**	73
5.1	Алынған модифицирленген наноқұрылымды кеуекті графит үлгілерін оксидті қоспалардан сілтілік әдіспен тазарту	73
5.2	Модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті үлгілердің сорбциялық қасиетін сынау	75
5.3	Алынған модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті үлгілерді су бетіндегі мұнай төгінділерін жою үшін қолдану	76
6	**ПИЛОТТЫҚ ҚҰРЫЛҒЫНЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП АЛЫНҒАН ҮЛГІЛЕРДІҢ МҰНАЙДЫ СУ БЕТІНДЕ ЖАҒУ БАРЫСЫНДАҒЫ МҰНАЙДЫ СІҢІРУ ДӘРЕЖЕСІ**	78
6.1	Мұнайды жағу кезінде түзілген термиялық кеңейтілген графиттің қасиеттері	78
6.2	Жел жылдамдығы, толқын биіктігі, мұнай температурасы, судың тұздылығы термиялық кеңейтілген графиттің мұнай сорбциялық қасиетіне әсерін зерттеу	84
	ҚОРЫТЫНДЫ	94
	ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	95
	ҚОСЫМША А Патент пайдалы модельге ҚР	104
	ҚОСЫМША Ә Патент пайдалы модельге ҚР	105

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

МемСТ 7.1-2003 Библиографиялық жазба. Кітаптарға сипаттама. Жалпы талаптар және инкорпорация ережелері

МемСТ 7.32-2001 Зерттеу қызметі туралы есеп беру. Құрылымы және жұмыс тәртібі.

МемСТ 4453-74. Ағаш ағартатын белсенді көмір ұнтағы. Техникалық талаптар. 4.4-бөлім. «Метилен көк немесе метилен көк индикаторы арқылы адсорбциялық белсенділікті анықтау».

МемСТ 6217-74. Ұсақталған графит. Техникалық шарттар

МемСТ 7657-84. Табиғи графит. Техникалық шарттар

МемСТ 9147-80. Фарфордан жасалған зертханалық ыдыстар мен жабдықтар. Техникалық шарттар

МемСТ 12597-67. Сорбенттер. Ылғалдылықты анықтау әдісі

МемСТ 16187-70. Сорбенттер. Бөлшек құрамды анықтау әдісі

МемСТ 16188-70. Сорбенттер. Төзу беріктігін анықтау әдісі

МемСТ 16189-70. Сорбенттер.Үлгіні азайту және орташалау әдісі

МемСТ 16190-70. Сорбенттер. Сусымалы тығыздықты анықтау әдісі

МемСТ 17219-71. Сорбенттер. Судағы кеуектердің жалпы көлемін анықтау әдісі

МемСТ 1347-2005. Мұнай. Жалпы техникалық шарттар

МемСТ 15150-69. Машиналар, құрылғылар және басқа да техникалық бұйымдар. Әртүрлі климаттық аймақтарға арналған дизайн. Сыртқы ортаның климаттық факторларының әсері бойынша категориялар, пайдалану шарттары, сақтау және тасымалдау

МемСТ 24104-88. Зертханалық таразылар. Жалпы техникалық талаптар

МемСТ 24297-87. Өнімдердің кірісін бақылау. Негізгі ережелер

МемСТ 25336-82. Зертханалық шыны ыдыстар, түрлері, негізгі параметрлері және өлшемдері

МемСТ 26952-97. Өрт сөндіретін ұнтақтар. Жалпы техникалық талаптар және сынау әдістері

ҚНжЕ 2.01.02-85. Өртқауіпсіздігі ережелері

АНЫҚТАМАЛАР

Адсорбция	–	сұйықтықтың немесе қатты дененің (адсорбенттің) беткі қабатының қандай да бір затты (адсорбатты) сіңіруі. Адсорбцияның екі түрі бар: физикалық және химиялық. Физикалық адсорбцияның маңызды айырмашылығы оның қайтымдылығы
Десорбция	–	адсорбция кезінде сорбцияланған заттардың сұйық немесе қатты денеден шығарылуы
Интеркаляция	–	молекуланың немесе топтың басқа молекулалар немесе топтар арасында қайтымды қосылуы
Интеркалат	–	бір заттың атомдарын, иондарын немесе молекулаларын басқа заттың қабат аралық кеңістігіне енгізу арқылы түзілетін супрамолекулалық қабатты қосындылар
Наноқұрылым	–	қасиеттері құрылымдық элементтердің өлшемімен ғана емес, сонымен бірге олардың кеңістікте өзара орналасуымен де анықталатын жасанды немесе табиғи шыққан наноөлшемді объектілердің жиынтығы.
Реагент	–	химиялық реакция немесе сынау тудыратын жүйеге қосылған қоспа немесе қоспалар болуы мүмкін. Реагент реакцияның пайда болуына себеп болатын нақты химиялық зат
Термокеңейтілген графит	–	бұл графиттен термиялық кеңею арқылы алынатын графит негізіндегі материал
Термиялық өңдеу	–	материалдардың құрылымы мен қасиеттерінің өзгеруіне алып келетін жылулық (қыздыру) әсері

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

БЭТ	– Брунауер, Эммет, Теллер
БДДТ	– Брунауэр, Деминг, Деминг және Теллер классификациясы
БА	– беттік ауданы
ГИ	– графит интеркаляциясы
ГІҚ	– графитің ісіну қосылысы
ГИҚ	– графиттің интеркалирленген қосылысы
ИҚ	– инфрақызыл спектроскопия
КНМ	– көміртекті наноматериалдар
ҚҚ	– қалдық қосылыстар
КҚ	– күріш қауызы
ККҚ	– көміртектенген күріш қауызы
МӨ	– мұнай өнімдері
МС	– мұнай сорбенттері
РФТ	– рентгенофазалық талдау
СЭМ	– сканерлеуші электронды микроскоп
ТКГ	– термиялық кеңейтілген графит
ТГ	– тотыққан графит
$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$	– мырыш нитратының гексагидраты
$FeCl_3 \cdot 6H_2O$	– темір хлоридінің гексагидраты
$Mg(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$	– магний нитратының гексагидраты
ZnO	– цинк оксиді
$FeCl_3$	– темір (III) хлориді
SiO_2	– кремний диоксиді

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы.

Ұсынылған диссертациялық жұмыста графит пен күріш қауызы негізіндегі наноқұрылымданған кеуекті көміртекті үлгілері алынды және зерттелді. Бұл зерттеулер тікелей тотығу әдісін қолдана отырып, жоғары температуралық термиялық өңдеу арқылы модифицирленген наноқұрылымды кеуекті үлгілерді синтездеу үшін арзан технологияларды жасауға мүмкіндік берді. Зерттеулер көрсеткендей, бұл әдістер берілген морфологиясы мен қасиеттері бар наноқұрылымданған үлгілердің бақыланатын синтезін қамтамасыз етеді. Модифицирленген үлгілердің физика-химиялық қасиеттері, морфологиялық құрылымы, өңдеу параметрлері және сорбциялық қасиеттері зерттелді.

Тақырыптың өзектілігі.

Көп функционалды наноқұрылымданған кеуекті үлгілерді синтездеу үшін арзан технологияларды жасау мәселелері зерттеушілердің назарын аударады. Наноқұрылылымданған кеуекті үлгілерді синтездеу кезінде үлгілердің құрылымы мен қасиеттерін бақылаудың кең мүмкіндіктері нанометрлік аймақта көрінетін өлшемдік әсерлерге және үлгілердің қасиеттеріне меншікті беттің үлкен үлесіне байланысты ашылады. Графит және күріш қауызы сияқты наноқұрылымданған кеуекті үлгілердің негізінде мұнай сорбенттерін жасау және пайдалану мүмкіндігі жоғары.

Мұнай өндіру жылдан жылға артып келеді, бұл қоршаған ортаға айтарлықтай зиян тигізуімен бірге жүреді. Қоршаған ортаның негізгі ластаушылар тізіміне кіреді, яғни оның төгілуі ең үлкен қауіп төндіреді. Жер үсті су айдындарының ластануы тек тасмалдау кезінде мұнай төгілуінің әсерінен ғана емес, сонымен қатар бұрғылау және сақтау кезінде де болады, бұл экологиялық жүйеге техногендік жүктемені арттырады сондай-ақ судың экологиялық жүйелеріне әсерінің бес түрі бар:

- тірі ағзалардың тікелей улануы;
- су ағзаларының физиологиялық белсенділіктің бұзылуы;
- тірі организмнің мұнай өнімдерімен тікелей қабынуы;
- ағзаға мұнай өнімдерінің түсуінен аурулардың пайда болуы;
- қоршаған ортадағы жағымсыз өзгерістер.

Қазіргі уақытта ерекше морфологиясы мен сипаттамалары бар мұнай сорбенттерін жасау олардың бірегей химиялық және физикалық қасиеттеріне байланысты маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Осыған байланысты су бетінен мұнай ластануын тез жою үшін үнемді, жоғары сорбциялық қасиеті бар мұнай сорбентін жасау міндеті тұр. Бұл мәселені шешу жолындағы өзекті мәселе су бетінен мұнай жинауға және өнеркәсіптік ағынды суларды тазартуға арналған сорбенттерді өндіруге жарамды, құрамында көміртегі бар наноқұрылымданған кеуекті үлгілер іздеу болып табылады.

Су бетіне төгілген мұнай және мұнай өнімдерін жинауға арналған оңтайлы көміртекті сорбентке қойылатын негізгі талаптар мыналар болып табылады: жоғары мұнай сорбциялық қасиетінің болуы, сіңірілген мұнайды қайта өңдеумен қатар регенерация мүмкіндігі, арзандығы және т.б.

Мұндай заттардың негізін кремний органикалық қосылыстар сияқты күріш қауызы, сонымен қатар жоғары гидрофобты және сіңіргіштік қасиеттері бар кеуекті графит құрайды.

Осылайша, бұл ғылыми диссертациялық жұмыстың негіздемесі су бетіндегі мұнай төгінділерін тазарту үшін кеуекті графит пен күріш қауызы негізіндегі жоғары тиімді модифицирленген наноқұрылымданған көміртекті кеуекті үлгілер іздеу болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты - графит пен күріш қауызы негізіндегі модифицирленген наноқұрылымды жоғары кеуекті үлгілер алу және олардың мұнай сорбциялық қасиеттерін анықтау.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін келесі **міндеттерді** орындау қажет:

1. кеуекті графит пен күріш қауызының модифицирленген көміртекті наноқұрлымданған кеуекті үлгілерінің синтездеу технологиясын әзірлеу;
2. термиялық өңдеу әдісі арқылы құрылымдық модификациясын жүргізудің тиімді параметрлері мен режимдерін анықтау;
3. синтезделген термокеңейтілген графит пен көміртектенген күріш қауызының химиялық құрамы, құрылымдық ерекшеліктері, бөлшектерінің өлшемі және морфологиялық қасиеттері бойынша сипаттау;
4. термокеңейтілген графит пен көміртектенген күріш қауызының мұнай сорбциялық қасиеттерін бағалау және сорбция процесін оңтайландыру.

Зерттеу нысандары: күріш қауызы мен графит негізіндегі наноқұрылымданған кеуекті материалдар, кеуектілік, 20% графит/ 80% $Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$ және 30% графит/70% $FeCl_3 \cdot 6H_2O$ қоспаларының құрамындағы металдардың нанобөлшектері, сорбциялық қасиеттері.

Зерттеу әдістері: азоттың төмен температуралы адсорбциясын талдау, сканерлеуші электронды микроскопиялық талдау, энергиядисперсиялық рентгендік микроталдау, раман спектроскопиялық талдау, рентгенфазалық талдау, инфрақызыл спектроскопиялық талдау, спектрофотометриялық талдау, сорбциялық қасиеттері және сілтілік әдістері.

Зерттеу пәні: мақсатты материалдарды термиялық өңдеу әдісін қолдану кезінде синтез шарттарының анықтамасы ретінде, алынған үлгілердің нанокеуектерін зерттеу және процестің толық аяқталуын қамтамасыз ету үшін қажетті ісіну дәрежесі және кеуекті наноқұрылымды сорбент алу үшін үлгілерді тиімді фазалық бөлу болып табылады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидаттар:

1. 20%графит/80%$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$ және 30%графит/70%$FeCl_3 \cdot 6H_2O$ қоспаларын 800 ^{0}С-та 5 минут термиялық өңдеу кеуектерінің орташа диаметрі 13,3 нм және 10,7 нм наноқұрылымданған кеуекті материалдар түзеді, олардың ісіну коэфициенттері 70,1 $см^3$/г, 50,2 $см^3$/г тең болды. Күріш қауызын 900 ^{0}С-та 60 минут пропан-бутан қатысында көміртектендіру кеуектерінің орташа

диаметрі 11 нм, көміртегі мөлшері 73,2% наноқұрылымды кеуекті материалдың түзілуіне алып келді.

2. Термокеңейтілген графит ТКГ-1 және ТГК-2 үлгілерінде СЭМ микросуреттеріне сәйкес графитті модифицирлеу нәтижесінде алынған өлшемі 3-4 нм мырыш (Zn) және темір (Fe) бөлшектерінің және көміртектенген күріш қауызының (ККҚ-900) кеуектерінің әсерінен үлгілерге жаңа қасиет беретін Раман спектрлері бойынша I_D/I_G қатынасы 0,75-0,87 мәндеріне тең болды, бұл термоөңделген үлгілердегі құрылымдық ретсіздіктің және құрылымның графиттенуінің артуына алып келетіндігін көрсетті.

3. 20% графит/ 80% $Zn(NO_3)_2{\cdot}6H_2O$ және 30% графит/70% $FeCl_3{\cdot}6H_2O$ қоспаларын термиялық өңдеу арқылы алынған нанокеуекті үлгілері 90 г/г және 79 г/г мұнайға қатысты сорбциялық қасиеттерін көрсетті, бұл үлгілердің ең көп бөлігін мезокеуектер құрайды, олар үлкен органикалық молекулалардың адсорбциясы үшін өте қолайлы және үлкен үлес қосады.

4. 20% графит/ 80% $Zn(NO_3)_2{\cdot}6H_2O$ және 30% графит/ 70% $FeCl_3{\cdot}6H_2O$ қоспаларын су бетіндегі мұнай қабатында жағу арқылы термиялық өңдеу үлгілері -58 г/г және 45 г/г мұнайға қатысты сорбциялық қасиеттерін көрсетті, бұл толқын биіктігі, жел жылдамдығы, мұнай қабатының қалыңдығы сияқты сыртқы факторлардың әсерінен түсіндіріледі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

1. Алғаш рет құрамы 20%графит/80%$Zn(NO_3)_2{\cdot}6H_2O$ және 30%графит/70%$FeCl_3{\cdot}6H_2O$ қоспаларын термиядлық өңдеу және күріш қауызын көміртектендіру арқылы көміртекті наноқұрылымды кеуекті материалдарды алу әдістері және оңтайлы технологиялық шарттар ұсынылды.

2. Термокеңейтілген графит ТКГ-1, ТКГ-2 және ККҚ-900 үлгілерінің кеуектерінің өлшемі және I_D/I_G қатынасы бойынша ретсіздік құрылымның графиттену дәрежесі анықталды.

3. Термокеңейтілген графит негізінде әзірленген наноқұрылымды кеуекті сорбенттердің мұнайға қатысты сорбциялық қасиеттері 90 г/г болатындығы көрсетіліп, бұл үлгілердің ең көп бөлігін мезокеуектер құрайтындығымен, түсіндіріледі

Алынған нәтижелердің практикалық маңыздылығы.

Термиялық өңдеу нәтижесінде алынған, графит негізіндегі сорбенттердің үлгілері, және ауылшаруашылық шикізатын өңдеу кезінде алынған күріш қауызы сияқты қалдықтары, нанодиапазонды өлшемі бар және тиісінше бастапқы заттармен салыстырғанда модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті үлгілерді белсендірек етеді. Жоғары мұнай сорбциялық және ұстап тұру қабілетіне байланысты алынған наноқұрылымданған кеуекті үлгілер және олардың негізіндегі үлгілерді, су бетіне мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілуін жою үшін сорбенттер ретінде пайдалануға келешегі бар болып табылады.

Негізгі ғылыми жұмыстармен байланысы.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының ҒЖБМ ҒК ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бағдарламасы бойынша, Жану проблемалары институтының ғылыми-зерттеу жұмысы аясында келесі

тақырыпта «Су бетіне мұнай төгілуіне байланысты авариялардың салдарын залалсыздандырудың инновациялық технологиясын жасау» (мемлекеттік тіркеу № 0115 ҚР 0085) жоба жоспарына сәйкес жүргізілді.

Диссертациялық нәтижелерді алуға автордың жеке басының қатысуы. Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері ғылыми жетекші PhD Құдайбергенов Кеңес Какимовичпен бірлесе отырып құрылды. Көміртектенген наноқұрылымданған кеуекті материалдарды алу бойынша жасалған барлық тәжібрибелік жұмысты автор жеке өзі орындады. Термиялық өңдеуден өткен үлгілердің беттік морфологиясы, раман спектрлері, микроскопиялық және оптикалық сипаттамалары, құрылымдық қасиеттері, бетінің морфологиясын зерттеу, элементтік талдау әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұлттық ашық типті нанозертханасының технологиясы қызметкерлерінің көмегімен жүргізілді.

Үлгілердің кеуектің көлемін және меншікті бетінің ауданын Астана қаласындағы Назарбаев Университетінің материалдар мен лазерлік технологияларды тереңдетілген зерттеулер зертханасында TriStar II Plus (Micromeritics) анализаторы көмегімен талданды. Алынған үлгілерді инфрақызыл спектроскопиялық талдау, спектрофотометриялық талдау, сорбциялық қасеттері және сілтілік әдістері Италияның Неаполь қаласындағы Жануды зерттеу институтында орындалды.

Алынған нәтижелер ғылыми жетекшісі, философия ғылымдарының докторы (PhD), Құдайбергенов Кеңес Какимович және шетелдік консультант философия ғылымының докторы (PhD), профессор Роберто Ди Капуа, сонымен қатар философия ғылымының докторлары (PhD), М. Альфе және В. Гаргулио Италияның Неаполь қаласындағы Жануды зерттеу институтында шетелдік тағылымдамадан өту кезінде талқыланды. Автордың жұмысқа қосқан жеке үлесі көміртектенген наноқұрылымданған кеуекті материалдарды дайындау және сынауға тікелей қатысуында, тәжірибе жүргізу, талдау жасау, өңдеу және алынған ғылыми нәтижелерді қорытындылау.

Автор ғылыми жетекшімен бірлесе отырып ғылыми мақалаларды жазуға және жұмыс нәтижелерін семинарлар мен конференцияларға қатысу арқылы жұмыстың аппробациядан өтілуіне тікелей қатысты. Автор жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша жазылған барлық негізгі ғылыми мақалалардың бірінші немесе корреспондент – авторы болып табылады.

Жұмыстың жарияланымдары.

Диссертациялық жұмысты жазу барысында жасалған зерттеу жұмыстарының нәтижелері келесі халықаралық ғылыми конференциялар мен симпозиумдарда ұсынылып, қорғалды:

Зерттеу нәтижелері «Фараби әлемі» атты жас студенттер мен ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясында (Алматы, Қазақстан, 2016),

IX Халықаралық «Жану және плазмохимиясы» симпозиумы (Алматы, Қазақстан, 2017),

ФМХИХК, IOP Конференциялар сериясы: Материалтану және инженерия (Дубай, Біріккен Араб Әмірліктері, 2018 ж.),

Энергияны сақтау және қоршаған ортаны қорғау үшін көмірқышқыл газы бойынша 7-ші халықаралық конференция (ЭСҚОҚК'17), (Лион, Франция, 2017 ж.).

Басылымдар. Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері бойынша жарияланымдар саны 23, олардың ішінде Scopus базасында CiteScore көрсеткіштік 36% процентильге ие Q3 квартильдеріне кіретін халықаралық рецензияланатын журналында 1 мақала, 7 мақала – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған ғылыми жұрналдар да, 9 мақала – халықаралық ғылыми жұрналдарда және 4 тезис – халықаралық конференциялардың жинақтарында, "Графит сорбентін алу әдісі" Қазақстан Республикасының пайдалы модельдерінде 21.06.2016 жылғы №2235 және 26.06.2017 жылғы №2713 2 авторлық куәлік алынды.

Диссертация құрылымы мен көлемі.


Диссертациялық жұмыс кіріспеден, төрт тараудан, қортындыдан, 125 басылымды қамтитын отандық және шет елдік әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертациялық жұмыс 105 бетте жазылып, оның ішінде 67 сурет, 12 кесте, 31 формула және 2 қосымша құрайды.

1 ӘДЕБИ ШОЛУ

1.1 Көміртекті наноматериалдардың жалпы сипаттамасы

Көміртекті наноматериалдар қатарына жататын фуллерендер, фуллериттер және нанотүтікшелер нанотехнологияның бірегей объектілері ретінде белсенді түрде зерттелуде. Берілген бұл молекулалардың қасиеттері әдеттегідей емес өзгеше және көп жағынан ерекше. Соңғы уақытқа дейін көміртек тек үш түрде - графит, алмаз және карбин түрінде ғана болуы мүмкін деп есептелді.

Көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері жұмсақтан қаттыға дейін, мөлдір еместен мөлдірге дейін, абразивтіден майлыға дейін, арзаннан қымбатқа дейін қасиеттері бойынша бір-бірінен түбегейлі ерекшеленеді. Бұл аллотроптарға көміртектің аморфты аллотроптары (көмір, күйе), нанокөбік, кристалды аллотроптар - нанотүтікше, алмаз, фуллерендер, графит жатады. Көміртектің фазалық диаграммасын қарапайым түрде 1-суреттен көруге болады.



Сурет 1 – Көміртекті наноматериалдардың түрлері мен құрылымы [1]

Әртүрлі көміртекті наноматериалдар көне заманнан бері белгілі және зергерлік бұйымдар мен қатты материалдарды өңдеуден (гауһар тастар және алмаздар) бастап қарындаш грифельдері мен үйкелетін бөлшектерді майлауға (графит) дейінгі түрлі салаларда кеңінен қолданылады. Қазіргі уақытта көміртекті наноматериалдар сорбенттер ретінде кеңінен қолданысқа ие болып жатыр [2,3].

Нанотехнология ауыр металдар сияқты қоспаларды кетіруге, судың майлылығын басу және судың сапасын жақсарту мақсатында микробқа қарсы белсенділікті арттыру үшін ең жақсы балама болып табылады [4].

Наноматериалдар бойынша суды тазарту нанотехнологиялары төрт негізгі топқа бөлінеді: нано-фотокатализ; нано-адсорбенттер; нано-мембраналар; нанометалдар немесе металл оксидтері [5,6].

Сонымен қатар, наноматериалдар - көміртекті нанотүтікшелер, графен оксидінің нанобөлшектері, фторлы кремнеземнің нанобөлшектері, қатпарлы наноматериалдар әдетте өнеркәсіптік суды тазартуда қолданылады (сурет 2).



Сурет 2 – Нанокеуекті көміртекті адсорбенттердің қолданылуы [7]

Соңғы жылдары органикалық сұйықтықтарды, яғни төгілген мұнай және мұнай өнімдерін жинау үшін жаңа көміртек құрамды сорбенттерді жаппай қолданылуда [8]. Сондай-ақ мұнай сорбенттерін әзірлеуде кеңінен қолданылады [9-10].

1.2 Мұнайдың төгілуі: себептері, салдары және жоюдың негізгі әдістері

Мұнай әлемнің 100-ден астам елінде өндіріледі, соның бірі - Қазақстан. 2021 жылы әлемде мұнай өндіру саласы бойынша жетекші орындарды АҚШ, Сауд Арабиясы, Ресей, Канада және Ирак иеленді; Қазақстан 18-ші орынды, ал ТМД елдерінде Қазақстан Ресейден кейін 2-ші орынды иеленді [11,12].

Мұнай бұрғылаудың жыл сайын көбеюі қоршаған ортаның нашарлауына әкеліп соғуда. Тасымалдау, сақтау және өндіру кезінде мұнай мен мұнай өнімдерінің (МӨ) төгілуі барлық тіршілік иелері үшін қауіпті экологиялық мәселелер тудырады [11,12].

Тәжірибе көрсеткендей, 1970 жылдардың аяғынан бергі мәліметтер тасымалдау және түсіру кезіндегі апаттар топырақ пен суға төгілген мұнайдың

жалпы көлемінің шамамен 35%-ын құрайтынына қарамастан, теңіздерде төгілетін мұнай мөлшері 45%-ға дейін өскенін айтады.

Мұнайдың ағуы және төгілуінің салдары жердегі және судағы барлық тіршілік иелеріне кері әсер етеді: балдырлардан бастап, өсімдіктер, ағаштар, сондай-ақ балықтар, құстар және жануарлар, өйткені олардың барлығы бір-бірімен өзара байланысты (сурет 3).

Теңіз немесе мұхит бетінде 1 т мұнайдың төгілуі кезінде шамамен қалыңдығы 10 мм-лік мұнай дағы пайда болады. Біраз уақыттан кейін мұнай дағының қалыңдығы 1 мм-ге дейін кішірейеді, бірақ мұнай дағының өлшемі 12 км^2 дейін ұлғаяды. Келесі өзгерістер жел, толқын және атмосфералық құбылыстар сияқты сыртқы факторлардың әсерінен болады [13,14].



Сурет 3 – Мұнаймен ластанудың қоршаған ортаға тигізетін салдары [13]

1979 жылы Мексикада [14], дәлірек айтқанда Мексика шығанағында әлемдік масштабтағы апат болды. Сол кезде Мексика шығанағына 460 мың тонна мұнай төгіліп кетті. Нәтижесінде 40 дельфин, 39 теңіз тасбақасы, 12 теңіз жануары және 1012 түрлі құс өліміне әкеліп соқты. Тек 9 айдан кейін бұл апатты жою мүмкін болды [15].

2000 жылдың қаңтарында Бразилияда бұрғылау кезінде "Петробраз" компаниясының құбырынан 1,3 млн литрден астам мұнай төгіліп, үлкен экологиялық апат туындады [16].

2002 жылы Еуропада "Престиж" танкері Испаниядағы Бискай шығанағында мұнай тасымалдау кезінде апатқа ұшырады. Осыған байланысты теңізге 90 мың тоннаға жуық мұнай төгілді. Апатты жоюға 2,5 млн. еуро жұмсалды [17].

2006 жылы Филиппиндік танкер апатқа ұшырап, елдің 300 км жағалау сызығы, 500 га мангр орманы және 60 га теңіз балдыры плантациялары

ластанған, сонымен қатар маржанның 29 түрі мен балықтың 144 түрі де зардап шеккен [18].

Қазіргі таңда Қазақстан ірі мұнай өндіруші елдердің бірі болып табылады. Елімізде 170-тен астам мұнай кен орындары бар. Олардың ең ірілері - Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ, Өзен, Жетібай, Жаңажол, Қаламқас және т.б.

2006 жылы «Ленкорань» танкеріндегі апат салдарынан Ақтау теңіз порты маңында бір тоннаға жуық мұнай теңізге төгілді [19].

2010 жылы Мексика шығанағында "Deepwater Horizon" бұрғылау платформасынан тағы да апат орын алып, мұхитқа 700 мың т мұнай төгілді. Мұнай төгілуі нәтижесінде 84 мыңға дейін құс және 166 мың теңіз тасбақасы, 5 триллионға дейін жаңадан шыққан балық қырылды және 4-тен 8,3 миллиардқа дейін жиналатын устрицалар жойылды [20].

2015 жылы Ресейде 11 мың рет мұнай ағып, 1,5 млн тонна мұнай төгілді [21].

2018 жылы ресейлік «Роснефть» және «Лукойл» мұнай компанияларында мұнай төгілуінің, сәйкесінше, 4253 және 1508 оқиғасы тіркелді. Қоршаған ортаға келтірілген залал 20 мыңнан астам теңіз құстарының және 9000 т устрицалардың қырылуын көрсетті [22].

Шамамен алынған мәліметтер мен болжам бойынша мұнай төгілуінен болған апаттар саны тіркелді, олар 1-кестеде көрсетілген [23].

Кесте 1 – Мұнайдың төгілуіне байланысты апаттардың көп саны болған аудандар [24]

Аудан	Апатты оқиғалар саны
Мексика шығанағы	264
АҚШ жағалау аймақтары	140
Жерорта теңізі	127
Парсы шығанағы	108
Жапонияның жағалау аймақтары	60
Балтық теңізі	52
Англия және Ла-Манш жағалау аймақтары	49
Малайзия және Сингапур	39
Францияның батыс және солтүстік жағалаулары	30

Су бетіндегі мұнай төгілуін жоюдың негізгі әдістерінің бірі - мұнайды *механикалық жинау.* Жылдам катерлер мұнай бондарына тірек болу үшін пайдаланылады, осылайша ластануды болдырмайтын жақсы тосқауыл жасайды және ақырында мұнай бондары судан толықтай мұнайды сіңіреді. Оның ең үлкен тиімділігі мұнай төгілуден кейінгі алғашқы сағаттарда қол жеткізіледі. Бұл мұнай қабатының қалыңдығы айтарлықтай үлкен болуына байланысты. Егер су бетіне таралған мұнайдың ауданы үлкен болса, әдіс тиімсіз болып

табылады. Жел болған жағдайда мұнай қабатының тұрақты қозғалысы болады. Бұл берілген әдісті қолдануды қиындатады. Әдістің кемшілігі - су бетінде жұқа май қабықшаларының қалдықтарының қалуы.

Келесі мұнай қабатын жағу арқылы ұйымдастырылған *термиялық әдіс* те ластанғаннан кейін және жеткілікті қалыңдығы 3 мм-ден асатын қабатта қолданылады. Ол техникалық құрал-жабдықты қолданудағы аз шығынымен тиімді. Мұндай әдістердің кемшілігі өрт қауіпсіздігінің қосымша шараларын қолданумен байланысты.

Термиялық әдіс 2010 жылы Мексика шығанағында қолданылған. АҚШ жағалау күзеті мұнай төгілуімен күресу үшін жұмысшылар отқа төзімді бонды пайдаланды.

Физика-химиялық әдіс - сорбенттерге негізделген және мұнайды механикалық жинау мүмкін емес жағдайларда тиімді. Ол су бетінің 10м тереңдігінде, судың температурасы 5ºС төмен және қоршаған ауа температурасы 10ºС төмен болған кезде қолданылады. Кемшілігі - мұнайды жоюға кететін уақыт.

Биологиялық әдіс - мұнай қабықшасының қалыңдығы кемінде 0,1 мм болатын механикалық және физика-химиялық әдістерді пайдаланғаннан кейін қолданылатын қосымша әдіс. Бұл тазалау әдісі арнайы микроағзалар мен бактерияларды қолдануға негізделген. Қолданылатын бактериялар - Pseudomonas тұқымдасының өкілдері және саңырауқұлақтар мен ашытқылардың кейбір түрлері. Мұндай микроағзалар су бетінде күніне 2 г/м^2 жылдамдықпен мұнайды тотықтыруға қабілетті. Кемшілігі судың төмен температурасында бактериялық тотығу өте баяу жүреді, ал мұнай өнімдері су бетінде ұзақ уақыт - 50 жылға дейін сақталады [25].

Мұнай өнімдерінің төгілуін жою әдісін таңдаған кезде мынаны есте сақтау қажет: апатты жою бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде негізгі фактор уақыт болып табылады, сол үшін мұнай төгілуінен басқа қоршаған ортаға үлкен зиян келтірмеуге тырысу керек.

1.3 Мұнай төгінділерін сорбенттермен тазалау

Су бетіне төгілген мұнай және мұнай өнімдерін жинау үшін сорбенттер қолданылады, әдетте ондай сорбенттер мұнай сорбенттері (МС) деп аталады. Мұнай сорбенттерінің сапасын анықтау үшін үш негізгі көрсеткіш қолданылады: мұнай сорбциялық қасиеті, су сіңіргіштігі, қалқығыштығы. Мұнайды жинауға арналған сорбенттердің тиімділігі, ең алдымен мұнай сыйымдылығының мәнімен бағаланады. Барлық материалдар үшін қосымша гидрофобизация жасау арқылы жоғары су сіңіргіштікті жоюға болады. Қалқығыштығы төмен [26] материалдарды армирлейтін қабықшасы бар бұйымдарда - бондарда, төсеніштерде, майлықтарда және т.б. тиімді пайдалануға болады.

Мұнай сорбенттерін жасау үшін әртүрлі шикізаттар қолданылады. Мұнайды жинауға арналған әдеттегі талшықты материалдарға мақта, киіз, маталар, синтепон, базальтті талшықтар және т.б. жатады. Мұнай

сорбциясының процесіне сорбент талшықтары бір-бірінен ажырап, белгілі бір сорбент – мұнай өнімінің құрылымын жасайды, ол жиналғаннан кейін [27] ауырлық күшінің әсерінен біртіндеп қысыла бастайды және жиналған мұнай өнімін 20-25% дейін сүзеді.

Қазіргі уақытта бүкіл әлемде мұнайды жою үшін сорбенттердің көптеген түрлері қолданылады. Табиғи сорбенттермен қатар жасанды сорбенттер де қолданылады. Олар табиғи перлиттер, вермикулит, цеолиттер, алеврит, кремнезем, силикаттар, жанартау қалдықтары және т.б. негізінде әзірленеді [28]. Мұнайды жоюға арналған әртүрлі мұнай сорбенттерінің соның ішіндегі табиғи органикалық мен бейорганикалық сорбенттер мұнайға қатысты сорбциялық қасиеттері жүргізілген жұмыстар [29] бойынша, негізгі сапалық сипаттамаларға сүйенсек бейорганикалық сорбентке жататын графиттің өзі жоғары сорбциялық қасиет көрсеткен (кесте 2).

Кесте 2 – Мұнайды жоюға арналған мұнай сорбенттерінің мұнайға қатысты сорбциялық қасиеті [29]

Сорбенттің аты	Мұнай сорбциялық қасиеті , г/г
Бидай сабаны	4,1
Ағаш үгінділері	1,7
Шымтезек	17,7
Мақта өндірісінің қалдықтары	8,3
Қарақұмық қауызы	3,0-3,5
Графит	40,0-60,0
Перлит	5,0-7,0

Су бетіне төгілген мұнай және мұнай өнімдерінен тазарту үшін сорбенттер ретінде бірқатар минералдар қолданылады: алеврит, апатиттер, аргиллит, асбест, вермикулиттер, жанғыш тақтатастар, графит, каолин, карбонаттар, перлит, тізбекті силикаттар, қатпарлы силикаттар, қаңқалы силикаттар (клиноптилолит және морденит), сондай-ақ тау-кен қалдықтарын да [30].

Көбінесе мұнай сорбциялайтын сорбент ретінде түрлі қалыңдықтағы полипропилен талшықтарынан жасалған материалдарды қолданады. Сонымен қатар, паралон тәрізді немесе түйіршікті түрдегі полиуретанды, полимер толтырғыштары бар полиэтилен және басқа да пластмасса түрлері жиі қолданылады [31]. Кеуекті полиэтилен сияқты материал да танымал. Оның артықшылығы - өте жоғары өрт қауіпсіздігіне ие және сорбциялық процесі аяқталғаннан кейін де ұзақ уақыт бойы су бетінде қалу мүмкіндігі. Бірақ полиэтилен сорбенттері көбінесе су бетіндегі мұнай төгілуін жою үшін қолданылады.

Сондай-ақ синтетикалық сорбенттердің оң және маңызды ерекшеліктері олардың жоғары сорбциялық қасиеті, қолданғаннан кейін жинаудың

қарапайымдылығы және сығу құрылғыларында механикалық сығу қолданылса, қайта пайдалану мүмкіндігі болып табылады. Бірақ синтетикалық сорбенттердің кемшілігі де бар. Бұл сорбенттерді аз мөлшерде ғана қолдану керек, өйткені қоршаған ортаға зиян келтіру қаупі бар.

Минералды сорбенттер қатарына тау жыныстары мен шөгінді жыныстарды өңдеу арқылы алынған материалдар да жатады: ісінген перлит, керамзит, базальтті мақта [32]. МС бетіне гидрофобтық қасиет беру үшін оларды көбінесе реагенттермен: кремний органикалық сұйықтықтармен, минералды майлар мен парафиндердің буларымен, алифатты немесе ароматты көмірсутек тізбегі бар органикалық аминдермен өңдейді. Бірақ модифицирленбеген минералды сорбенттерді пайдаланған кезде олардың бөлшектерінің сорбцияланған мұнаймен бірге шөгу қаупі бар [33]. Деректер бойынша, батқан мұнай өте баяу ыдырайды және су айдындарының флорасы мен фаунасына зиянды әсер етеді.

Нарықта ұсынылатын сорбенттер: саздар және диатомиттер болып табылады, өйткені олар арзан және оларды өндіру өте оңай және көп мөлшерде. Сондай-ақ құм да танымал, ол негізінен шағын аудандағы мұнайды сорбциялау үшін қолданылады. Алайда, экологиялық талаптарға сәйкес, мұнай сорбенті пайдалану тиімсіз, өйткені олардың мұнай сыйымдылығы төмен және олар жеңіл мұнай фракцияларын ұстай алмайды. Сондай-ақ оларды суда пайдалану мүмкін емес, өйткені олар мұнай және мұнай өнімдері бірге батып кетеді, бұл әрине мәселені шешпейді [34].

Мұнай мен мұнай өнімдері жоюға арналған тиімді сорбент - бұл жүн, ол өзінің мұнай сыйымдылығы бойынша модифицирленген шымтезектен (торф) кем түспейді. 1 кг жүн сорбентінің мұнай сорбциясының қасиеті 8-10 кг дейін.

Бірақ жүн сорбентінің кемшіліктері де бар: бірнеше рет сығылғаннан кейін ол шайырға қанығады, содан кейін оны пайдалану мүмкін болмайды. Тағы бір маңызды кемшілігі - жүннің жоғары құны, оның мөлшері және сақтау шарттарына қатаң талаптар (жәндіктер мен кеміргіштерден қорғау, биохимиялық өзгерістерге ұшырау мүмкіндігі және т.б.). Мұнайды 8,0-10,0 г/г сіңіреді. Мұның бәрі бұл сорбенттің келешегі бар деп саналмайтынын түсіндіреді [35].

Сонымен қатар, мұнай және мұнай өнімдерін ағаш үгінділері де жақсы және тез сорбциялайды, айтарлықтай олар ылғалды одан да жақсы сіңіреді. Осыған байланысты ағаш үгінділерін су жұқпайтын агенттермен (мысалы, май қышқылдарымен) өңдеген дұрыс болады. Мұндай өңдеу нәтижесінде алынған сорбенттер жақсы гидрофобты қасиеттерге ие, бұл кез келген МС үшін өте маңызды, бірақ өте қысқа мерзімді. Яғни [36] деректен мұнай сорбциясының қасиеті 8 г/г.

Кемелерден биосорбенттерді шашырату ауа-райы жағдайларымен шектеледі. Авиацияның көмегімен мұнай сорбентін пайдалану 25 м/сек жел мен апатты яғни мұнайдың төгілуінен кейін, тіпті дауыл жағдайында да, жоюды бастауға мүмкіндік береді. Мұнайдың биологиялық ыдырау процесі шөгінділер түбінде және жағалау аймағында, соның ішінде анаэробты жағдайда да жүруі

маңызды. Тікұшақ көмегімен биосорбенттерді қолдану тактикасы мен технологиясы 4-суретте көрсетілген [37].



Сурет 4 – Мұнай төгілу кезінде биосорбентті қолдану жолы мен әдісі [37]

Биосорбентті суға тозаңдатып шашырату техникасы 4-суретте көрсетілген. Биосорбент су қабатына таралады және оны тарату үшін ешқандай араласуды қажет етпейді.

Авторлар [38] мұнайды кетіруге арналған графит/изобутилен-изопренді каучуктен жасалған жаңа сорбенттерді енгізді. Графит полимер матрицасының адсорбциялық қасиеттерін жақсартты. Кептіруден кейін криогельдерде макрокеуектер пайда болды. Алынған композиция жақсы қалқығыштыққа, гидрофобтылыққа ие болды және жоғары адсорбциялық қабілетімен ерекшеленді, ол шикі мұнай үшін 17,8 г/г, дизельдік отын үшін 21,6 г/г және майлайтын май үшін 23,4 г/г құрады. Бұл композиция сонымен қатар C_6H_6 , C_7H_8 , C_8H_{10} , C_6H_{14} , C_7H_{16} және C_6H_{12} сияқты органикалық сұйықтықтар бойынша ең жақсы адсорбциялық қабілетімен ерекшеленді. Сорбциялық қасиеті оның массасынан 20 есе көп. Бұл сорбентті сорбцияланған мұнайдан алдын ала тазартқаннан кейін 30 реттен артық қолдануға болады.

Мақалада [39], реагентті көбіктендіруге арналған азодикарбонамид негізіндегі суперұяшықтарды араластыру арқылы енгізілген манионик крахмалы бар табиғи каучуктен жаңа пенопласт жасалды. Реагентті көбіктендірудің пенопласт қасиеттеріне әсері зерттелді. Қатаюдың оңтайлы уақыты суперұяшық мөлшері көбірек болған сайын қысқарды. Берілген сорбент мұнай сорбциялық қасиеттері сыналған және шамамен 7 г/г нәтиже алынған және де 30 реттен астам қайта пайдаланылған.

Сондай-ақ МС ретінде цеолиттер, сапропельдер, шымтезек (торф), әртүрлі типтегі саздар, диатомит жыныстары, туфтар, пемза сияқты материалдар пайдаланылды. Минералды сорбенттерден жасалған сорбенттер жоғары сорбциялық сыйымдылыққа ие, ал олардың кейбіреулері катион алмасу қасиеттеріне ие, сонымен қатар салыстырмалы түрде төмен құны мен қолжетімділігімен ерекшеленеді. Мұнай сорбенттердің сапасына қарағанда оларды регенерацияға ұшыратпайды [40]. Термиялық өңдеу арқылы алынатын табиғи алюмосиликаттардан тұратын жыныстардан жасалған сорбенттер заманауи түрде қолданыс тапты. Бұл сорбенттерді қолдану ерітіндідегі

көмірсутектердің мөлшерін азайтуға мүмкіндік береді: дизельдік отын 5,0 мг/дм^3 -тен 0,05 мг/дм^3-ке дейін, мазут 5,0 мг/дм^3-тен 0,01 мг/дм^3 дейін [41].

Термиялық кеңейтілген графит (ТКГ) жақсы сорбциялық қасиетке ие, әсіресе мұнай және МӨ сияқты жоғары молекулалық салмағы және әлсіз полярлығы бар материалдар үшін [42]. ТКГ - графиттің интеркалирленген қосылыстарын немесе олардың гидролиз өнімдерін жылдам қыздыру арқылы алынған көбікті құрылымдар. Суды МӨ тазарту тиімділігі 99%-ға дейін жетеді. ТКГ негізіндегі сорбенттер сорбцияланған мұнайды тиімді сақтайды және сумен жанасқан кезде оны құрылымның кеуектерінде сақтай отырып, оны сіңірмейді.

Күріш қауызы (КҚ) бірқатар арнайы қасиеттерге ие, олар мыналарды қамтиды: көлемдік тығыздығы аз; жылу шығару қабілеті төмен, бұл астық тазарту қондырғыларынан алыс жерлерге өңдеу кезінде күріш қауызын тасымалдау құнын айтарлықтай арттырады; құрамында кремний диоксиді (SiO_2) көп болғандықтан жоғары абразивтілік. Күріш қауызы физикалық және термиялық қасиеттері де жақсы зерттелген. Көптеген күріш қауызының сорттары үшін қауызының ұзындығы күріш дәнәнің ұзындығының 2-ден 4 бөлігіне дейін; үлес салмағы шамамен 0,1 г/см^3. Күріштің түріне қарай жану жылуы 1000-3600 ккал/кг аралығында, ал қаттылық Моос шкаласы бойынша 5,5 - 6,5 бірлік [43].

1.4 Графиттен термиялық кеңейтілген графит алу


Графит бір-біріне қатысты кездейсоқ, бірақ параллель орналасқан қабаттардан тұрады [44-47]. Графиттің кристалдық торы - гексагональді екені суретте берілген (сурет 5). Графиттің ақаулы жиектері С-С байланыстарының үзілуіне байланысты пайда болады және бұл үзілістер бос орындар мен үзілістерді құрайды, сонымен қатар қабаттардың қисаюына, басқа атомдар мен атомдар топтарының (-ОН, =О, -О-) жарылу орындарына қарай қозғалуына әкеледі. Изомерлік байланыстардағы бұл ақаулар С атомдарында sp^3 гибридизациясы болған кезде ғана иілуге әкеледі. Ал химиялық ақаулар (Френкель [44-47] бойынша) торға бөгде атомдар (О, S, Se, As, N, P, т.б.) қосылғанда пайда болады.

Бұл жағдайда графиттің қабаттық құрылымы мен қабаттар арасындағы әлсіз Ван-дер-Ваальс әрекеттесуі әртүрлі бағалаулар бойынша 2-80 кДж/моль құрайтын, яғни байланыстыру энергиясы графиттің («иесі») жазықаралық кеңістігіне әртүрлі бөлшектердің - атомдардың, иондардың, молекулалардың («қонақтар») енуі (интеркалирлену) арқылы графиттің интеркалирленген қосылыстарын (ГИҚ) түзу қабілетін түсіндіреді [44-47]. Қонақ бөлшектер «қонақ-иесі» өзара әрекеттесуінің үш түріне байланысты сақталады:

1) иондық;

2) Ван-дер-Ваальстік;

3) тордағы көміртегі атомдарымен ковалентті байланыстар (сурет 5).



Сурет 5 – Бастапқы графиттің кристалдық торы [44]

Графит құрылымынан көрініп тұрғандай, кристалдық тордағы көміртегі (С) атомдары алтыбұрыштардың шексіз жазықтығының бұрыштарында орналасқан (сурет 5). Кез келген іргелес жатқан қабаттар арасындағы жазықтықтағы көміртегі (С) атомдары арасындағы қашықтық 0,14 нм, ал көрші қабаттар арасындағы қашықтық 0,34 нм [45-47]. Жазықтықтағы көміртегі атомдары арасында күшті коваленттік байланыстар және қабаттар арасында әлсіз ван-дер-Ваальс байланыстары бар. Термиялық кеңею көміртегі (С) кристаллографиялық осі бойымен интеркалирленген графит (ИГ) есебінен жүреді және ол интеркалаттың булануы немесе интеркалаттың және оның туындыларының қатысуымен химиялық реакцияның газ тәріздес өнімдерінің шығуы ИГ немесе тотыққан графит (ТГ) графит үлгісінің жоғары қыздыру жылдамдығында жүретін графит қабаттарының ішіндегі газ қысымының жоғарылауымен түсіндіріледі. Бұл құбылыс зерттелетін үлгі көлемінің айтарлықтай ұлғаюымен бірге жүреді [48].

Төрт негізгі ерекшелік ИГ термиялық кеңею шарттарын анықтайды:

1) үлгілердің ішінде газ фазасы пайда болады және бұл қысымның жоғарылауына әкеледі;

2) көлемнің ұлғаюы бөлшек биіктігінің өзгеруіне байланысты болады, бірақ бөлшектің диаметрі өзгеріссіз қалады;

3) үлгідегі графен жазықтықтарының көп санының болуына тәуелді; Бұл болжамды алғаш рет 1932 жылы Г.Тиеленің жасаған [49]. Кейінірек М.Довель белгілі бір өлшемдегі кристаллографиялық домендердің болуы ИГ-тің қайтымсыз термиялық кеңею шартын да жоққа шығаратынын тәжрибелік түрде ұсынды [50-52].

4) ИГ немесе ГО термиялық кеңею қабілеті графит бөлшектерінің мөлшерінің сипатына байланысты, олар тым кішкентай болмауы керек, әдетте ол 75 мм-ден кем болмауы керек деп есептеледі [50-52]. Бұл жағдайда графен қабаттары арасындағы байланыс энергиясын азайтуға көмектесетін жеткілікті

мөлшердегі интеркалатты кластерлердің пайда болуының жоғары ықтималдығы бар. Жоғарыда айтылғандай, ИГ бұл - қосылыс немесе интеркалантты графит қабаттарына енгізу [50-52] және басқа да жұмыстарда табиғи графиттерден (әртүрлі кен орындарынан әртүрлі түйіршіктелген құрамды), жасанды графиттерден, графиттелген көміртекті талшықтардан, пиролитикалық графиттен, шунгиттерден, антрациттерден, көмірлерден және тағы да басқа көміртекті материалдардан ИГ өндіру (әдетте зертханалық жағдайда).

Деректер [50-52] бойынша ИГ үшін интеркалант ретінде келесі реагенттерді қолдануға болады: Li, Na, K, Rb, Cs, $MeCl^-$ және MeF^-, F, H_2SO_4, HNO_3, H_2SO_4 және HNO_3 қоспасы, H_2SO_4 және CH_3 COOH қоспасы, H_3PO_4, $HClO_4$ және басқа да заттар.

Егер графитке бір интеркалант енгізілсе, онда бұл қосылыс бинарлы ГИҚ деп аталады. Бұндай синтез алғаш рет 1941 жылы алынды және келесідей болды: графит бисульфатына C^+_{24} $HSO_4^-{\cdot}2H_2SO_4$ азот қышқылы қосылған концентрлі H_2SO_4 негізіндегі тотықтырғыш ерітіндіде термиялық өңдеу жүргізілді; нәтижесінде гидролизден кейін интеркалант толығымен гидроксил-ионмен және сумен алмастырылды [50-52].

$$C^+_{24}HSO^-_4 \cdot 2H_2SO_4 + 3H_2O \rightarrow C^+_{24}OH^- \cdot 2H_2O + 3H_2SO_4 \qquad (1.1)$$

Процестің негізгі заңдылықтары Рюдорф пен Гоффманның [50-52] еңбектерінде, яғни қышқылдар мен ГИҚ түзілуіде қарастырылған. Мұндай процестердің ерекшелігі - кезеңдік сипаты және тотықтырғыштың болу қажеттілігі. ГИҚ түзілуінің негізгі химиялық моделі тотығудың және интеркалантты енгізудің біріктірілген реакцияларын жүзеге асыру болып табылады:

$$pC + [Ox] \rightarrow Cp^+ + [Red]$$

$$Cp^+ + A^- + mHA \rightarrow Cp + A^- \cdot mHA \qquad (1.2)$$

Тотығу графит қабаттарынан электрондардың ауысуы есебінен жүреді, бұл графит энергетикалық жолақтарының Ферми деңгейінің төмендеуіне және Cp^+ макрокатионының (1.2) түзілуіне әкеледі. Бұл жағдайда графит қабаттарында кейбір потенциалдарға жетеді және бұл интеркалация потенциалы деп саналады, қышқыл молекулаларымен ерітілген аниондарды енгізу процесі басталады (1.2). Тотыққан графиттің, термиялық кеңейтілген графиттің модифицирленуі келесідей жүреді: қабыршақты графитке HNO_3 қосылады, 10-600 минут араластырып және NO_2 уақытылы жойылып отырады. Бұл жағдай да HNO_3 концентрациясына, графит мөлшерінің қышқыл мөлшеріне қатынасына және синтез уақытына байланысты әртүрлі сатыдағы қосылыстар түзіледі [50-52]. Қажетті кезеңнің интеркалантын алу үшін синтез шарттары тәжірибелі түрде таңдалғанын айту керек. Кейде графитке арналған

интеркаланттар типтік металлдық қасиеттерге, жоғары электрөткізгіштікке ие және олардың кейбіреулері асқын өткізгіштер болып табылады.

Ашық ауада ГИҚ тұрақсыз және бірте-бірте қалдық қосылыстарға айналады. Мұндай жағдайларда интеркаланттың алынған концентрациясы өте төмен және десорбция температурасына байланысты. Егер графитке ендіру қосылымдары жылдам термиялық соққыға ұшыраса, онда интеркаланттың ыдырауы графит бөлшектерінің үлкен «ісінуіне» әкеледі. Мұндай синтез әртүрлі интеркаланттармен - қышқылдармен, металл хлоридтерімен, галогендермен графитке ендіру қосылымдарын алу үшін қолданылады, бірақ ол молекулалары газ және бу өнімдерін оңай түзетін минералды қышқылдардың аниондары бар графит тұздары үшін өте айқын көрінеді [50-52]. ГИҚ түрлендіру шарттары мен өнімдері келесі 6-суреттегі сызбада келтірілген:



Сурет 6 – Графиттің интеркалирленген қосылыстарының (ГИҚ) өнімдерінің модифицирлеу шарттарының сұлбасы [50-52]

HNO_3 интеркалантының синтезінің ең толық сипаттамасы. Графитке HNO_3 енгізу процессі арқылы келесі түрде көрсетуге болады:

$$HNO_3 \text{ газ} \rightarrow HNO_3 \text{ адс. графит}$$

$$2HNO_3 \text{ адс} \rightarrow H_2O + NO_3^- + NO_2 + \text{адс}$$


$$NO_2 + \text{адс} + C \rightarrow NO_2 \text{ адс} + C^+$$

$$NO_2 \text{ адс} \rightarrow NO_2 \text{ газ}$$

$$nC^+ + NO_3^- + x\ HNO_3 \rightarrow Cn^+NO_3^- x\ HNO_3 \qquad (1.3)$$

Көріп отырғаныңыздай, графитке HNO_3 енгізу реакцияларының пайда болуы жүйеде түзілген нитрит (NO_2) иондарына байланысты, олар графит матрицасының тотықтырғышы ретінде әрекет етеді; ал графит макрокатионының қабатаралық кеңістіктеріне нитрат-иондары (NO_3^-) және HNO_3 молекулалары енгізіледі [50-51]. Атомдар немесе молекулалар кристалдық жазық кеңістігіне енгізілгенде, моноқабаттар арасындағы

қашықтық бастапқы қабатаралық қашықтықпен салыстырғанда бірнеше есе артады және жаңа құрылым қалыптасады (сурет 7).



Сурет 7 – Графиттің интеркалирленген қосылыстарының түзілу (ГИҚ) кезеңдері [52]

ГИҚ (графит - HNO_3) интеркалирлену үрдісіне тотықтырғыш ортаның потенциалы басым рөл атқаратыны 7-суретте көрсетілген: ГИҚ түзілуі үшін I кезең үшін ГИҚ= 1,6-2,0 В потенциалға, II кезең үшін ГИҚ = 1,2-1,5 В, III кезең үшін ГИҚ= 1,2-1,1 В жету керек және т.б. Екінші маңызды фактор - қышқыл концентрациясына тікелей байланысты интеркалаттың қышқылдығы. Қышқыл концентрациясының төмендеуі (қышқылдық күші) ГИҚ сатыларының санының артуына әкеледі және түзілу үшін концентрация шегі бар.

1.5 Графиттің интеркалирленген қосылыстарының акцепторлық термолизі

Графиттің интеркалирленген қосылыстарының (ГИҚ) термолизі химиялық қосылыс молекуласының термиялық ыдырауы есебінен жүреді, ол сырттай және іштей келесідей көрінеді: газ түзілуі, химиялық диспергирлену және көлемнің ұлғаюы. Термолиз өнімдерінің сапалық құрамы ГИҚ түрімен, енгізілген бөлшектердің байланыс энергиясымен, сонымен қатар графит торының термиялық тұрақсыздығы анықталады.

Термолиздің молекулалық фонында бірнеше негізгі кезеңдерді және олардың сәйкес өнімдерін анықтауға болады:

1. Интеркаланттың және қатты дененің молекулалық құрылымын сақтаудың қажетті жағдайында қабат аралық бос орындардан енгізілген бөлшектердің диффузиясы.

2. Интеркалант пен тордың термотұрақты фрагменттерінің олардың арасындағы химиялық әрекеттесулердің жеткіліксіздігінен бұзылуы.

3. Интеркаланттың «иесі» компоненттерінің торымен химиялық реакциялары, сондай-ақ олардың термиялық деструкция өнімдерінің екіншілік реакциялары.

Жоғарыда ұсынылған графиттің интеркалирленген қосылыстарының түзілу кезең-кезеңімен жүреді және оларды әртүрлі температуралардағы термолиз кинетикасын зерттеу арқылы ажыратуға болады. Термолиздің жалпы үрдісі ГИҚ табиғатымен анықталады.

ГИҚ-дағы интеркаланттың физика-химиялық сипаттамалары оның қыздыру кезіндегі әрекетімен және аз дәрежеде графит құрылымымен анықталады [53]. Салыстырмалы түрде қыздырған кезде лиганд- молекулалары ГИҚ-нан босатылады. Мысалы, графит нитраты $C_n^+NO_3^-$ *$mHNO_3$ 150 ^{0}C дейін HNO_3 береді [53], 100 ^{0}C дейін графит оксиді суды, графит бисульфаты $C_n^+SO_4^-mH_2SO_4$ 300 ^{0}C дейін H_2SO_4 жоғалтады. Броммен ГИҚ соңғысының айтарлықтай бөлігін (9/10) 100^{0}C дейін береді. Бірінші кезең Льюис қышқылдары бар ГИҚ, SO_3 , Br_2 тән; қалпына келтірілген графит бастапқыдан аздап ерекшеленеді. Интеркаланттың диффузиясы интеркалирлену сатысының жоғарылауымен жүреді.

Жоғары емес температураларда II кезең басым болады, сонымен қатар ол графит торымен жоғары энергиялық байланысымен және енгізілген заттың төмен ұшқыштығымен сипатталатын интеркалирленудің төмен сатыларында иондық ГИҚ үшін химиялық реакциялардың сипатын анықтайды [54, 55]. Ең қарапайым жағдай интеркалантты тотықсыздандыру болып табылады: бір электронды - $CuCl_2$-ні CuCl-ға дейін, $FeCl_3$-ті $FeCl_2$-ге дейін немесе Fe^0 түзілетін көп электронды [54, 55]. Басқа жағдайларда әртүрлі газ тәрізді өнімдер тіркеледі, мысалы, графит нитратының термолизі (T ≥ 200 ^{0}C) кезінде NO және NO_2; графит бисульфатының термолизі кезінде CH_4, CO, SO_2 және де бұл максималды жылдамдықта екі температурада – 330 ^{0}C ($E_{эфф}$ =178 ± 8 кДж/моль) және 550 ^{0}C ($E_{эфф}$=300 кДж/моль) [56-59]. Таза түрінде II кезең сирек орындалады, өйткені өзіндік термиялық бұзылу өнімдерін екіншілік реакция өнімдерінен бөлу қиын.

Ерекше жағдай - ковалентті ГИҚ (графит оксиді және фториді), онда диффузия сатысы мүмкін емес. Одан кейінгі термолиз көміртек қабаттарындағы C-O, C-F, C-C байланыстарының энергиясымен анықталады. ГО баяу қыздырғанда (≤1^{0}C/мин) сусыздандыру кезеңдері байқалады, құрамында оттегі (O) бар фрагменттердің бұзылуынан жойылу жүреді, компенсацияланбаған σ - байланыстары бар ақаулар санының көбеюі, H_2O, CO, CO_2 газдары түзіледі (80-290) [60].

Жылдам қыздыру кезінде диффузия және жойылу терең емес жүреді, яғни термолиз 1, 2 және 3 процестерінің параллельді жүру режиміне тез ауысады. Түзілген жаңа көміртекті материал осы реакциялардың өнімі болып табылады. «Қонақ» молекулалардың және генерацияның толық жойылмауы мен ГИҚ, белсенді бөлшектердің, соның ішінде бос радикалдардың бұзылуына байланысты химиялық реакциялар кешені пайда болады (III кезең). ГИҚ термолизінің арнайы механизмдері берілген интеркалант үшін жекелік болып

табылады, бірақ ГИҚ табиғатына тәуелді емес жалпы заңдылықтар да бар. Жоғары температурада графит торы электрондарға донор ретінде әрекет етеді және күрделі молекулалардың ыдырауын инициирлейді, мысалы, HNO_3 -ті NO_2 және NO дейін, H_2SO_4 -ті H_2O, SO_3 және SO_2 дейін, $FeCl_3$ -ті $FeCl_2$, Fe және Cl_2 дейін [60]. Мұндай реакциялар торлардың гомологиялық байланыстарын үзіп, радикалды бөлшектерді тудыруы мүмкін және III кезеңдегі реакциялардың санын айтарлықтай арттырады [61].

		Адсорбциялық кеуектің орташа диаметрі, нм	Десорбцияның орташа кеуек диаметрі, нм	Десорбцияның орташа кеуек диаметрі, нм (ВЈН бойынша)
графит	1860 ± 0,02	11,8	7,4	17,3
ТКГ-1 (графит/ $Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$)	6440 ± 0,07	13,3	7,5	21,5
ТКГ-2 (графит/ $FeCl_3 \cdot 6H_2O$)	1525 ± 0,02	10,7	6,0	16,7

Модифицирленген наноқұрлымданған кеуекті графиттің меншікті бетінің ауданы 1525-тен 6440 $м^2/г$-ға дейін ұлғаюына әкелетінін 7-ші кестеден көруге болады. Модифицирленген наноқұрлымданған кеуекті графит ТКГ-1 үлгісі үшін меншікті бетінің ауданы 6440 $м^2/г$ екенін ескере отырып, яғни алынған модифицирленген наноқұрлымданған кеуекті графит ТКГ-1 үлгісінің бетінің ауданы кеуекті бастапқы графиттен (1860 $м^2/г$) және ТКГ-2 (1525 $м^2/г$) үлгілерінен үлкен екені байқалып тұр. ВЈН кеуек өлшемдерінің таралуы азоттың десорбция изотермаларының тармағы таза ВЈН кеуектерінің көлемінің таралуын 25-суретте көрсетілген. Үлгілердің адсорбциялық кеуектің орташа диаметрі 11-13 нм, десорбцияның орташа кеуек диаметрі 6-7 нм, ал ВЈН десорбцияның орташа кеуек диаметрі 17-21 нм екенін көруге болады.

Зерттелетін үлгілер үшін өлшемге байланысты меншікті кеуек көлемінің таралуы 25-суретте көрсетілген (сәйкесінше 1, 2 және 3 қисық сызықтар).




Сурет 25 – Бастапқы графит пен модифицирленген наноқұрлымданған кеуекті графитің үлгілерінің ТКГ-1 (графит / $Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) және ТКГ-2 (графит / $FeCl_3 \cdot 6H_2O$) өлшем бойынша кеуектердің бөлу қисықтары

Модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті графиттің үлгілері ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) (*1*), ТКГ-2 (графит/ $FeCl_3 \cdot 6H_2O$) (*3*) және бастапқы графит (*2*) қисықтар негізінен өлшемі 10-13 нм болатын мезокеуектер (қабаттар арасындағы кеңістік) бар екені 25-суретте расталып отыр. Қисықтар 10 нм аймағында нақты анықталған максимумға ие. Модифицирленген наноқұрлымданған кеуекті графит үлгісі ТКГ-1 (графит/ $Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) түзілген жағдайда кеуек көлемі 0,90-ден 4,65 $м^2/г$ дейін артады. Бұл кезде мезокеуектердің (кеуек диаметрі > 2-50 нм) үлесі артады, бұл ісіну кезінде біртектілік дәрежесінің төмендеуін көрсетеді.

Модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті графит ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) үлгісінің ісіну кезінде бетінің біртектілік дәрежесінің осындай елеулі өзгеруі модифицирленген жарылғыш сипатына байланысты және ісіну кезінде экзотермиялық әсерлермен байланысты. Сонымен қатар мырыш пен темір металдардың электрохимиялық қатарында орналусы бойынша көрсетілгендей активтілектерімен мен қасиеттеріне байланысты деген ұғымға сүйенсек, мырыш (Zn) темірге (Fe) қарағанда активтілігі жоғары. Мырыш оксиді химиялық реакциялардың катализаторы болып табылады, қоспаны қыздырғанда пайда болады, Сондай-ақ графиттің кеңеюін қамтамасыз етеді, өйткені құрылымдық зерттеулер көрсеткендей, қашан металл атомдарын, графит қабаттарын енгізу алшақтайды [104-105].


Төмен температурадағы азотты адсорбциялау нәтижесінде модифицирленген наноқұрылымды кеуекті үлгі ККҚ-900 мезокеуектілігін көрсетті. Мұндай қорытындыларды, ең алдымен, азоттың адсорбция изотермасын талдау арқылы жасауға болады (сурет 26).



Сурет 26 – Модифицирленген нанокұрылымды кеуекті ККҚ-900 үлгісінің төмен температуралы азот адсорбция изотермасы

Бұл модифицирленген нанокұрылымды кеуекті ККҚ-900 үлгісі үшін салыстырмалы қысымның төмен (0,01 төмен) аймағында адсорбаттың тез сіңуімен сипатталады. IV және V типтерге сәйкес келетін адсорбция изотермасын және айқын гистерезис ілмегі бар H3 типті [106] көрсетеді, яғни бастапқы қиманың дөңес және ойыс сипаты көрсетеді сәйкесінше күшті және әлсіз адсорбат-адсорбент әрекеттесулері бойынша. Изотерманың бұл түрі мезокеуектердегі газдың капиллярлық конденсациясымен байланысты.

Зерттелетін модифицирленген нанокұрылымды кеуекті ККҚ-900 үлгісі үшін өлшем бойынша кеуектерді бөлу қисықтары 27-суретте көрсетілген.



Сурет 27 – Модифицирленген нанокұрылымды кеуекті ККҚ-900 үлгісінің өлшем бойынша кеуектерді бөлу қисығы

Нанокұрлымданған кеуекті ККҚ-900 үлгісінің қисық негізінен өлшемі 2-20 нм болатын мезокеуектердің (қабаттар арасындағы кеңістік) бар екені 27-суретте расталып отыр. IUPAC классификациясы бойынша мезокеуектер диаметрі 2-ден 50 нм-ге дейінгі кеуектер болып табылады. ККҚ-900 үлгісінің өлшем бойынша кеуектерді бөлу қисығы 11 нм аймағында нақты анықталған максимумға ие. БЭТ әдісімен есептелген $S_{менш}$ меншікті бетінің ауданының мәндері және ВЈН әдісімен алынған кеуек өлшемі (8-кесте).


Кесте 8 - Модифицирленген нанокұрылымданған көміртектенген күріш қауызының ККҚ-900 азот адсорбциясы арқылы талдау ВЈН десорбциясының кеуектерінің таралу есебі нәтижелері

Үлгі	Меншікті беттік ауданы, $м^2/г$	Кеуек өлшемі		
		Адсорбциялық кеуектің орташа диаметрі, нм	Десорбцияның орташа кеуек диаметрі, нм	Десорбцияның орташа кеуек диаметрі, нм (ВЈН бойынша)
ККҚ-900	512 ± 0,06	11,0	9,91	8,61

Модифицирленген нанокұрлымданған көміртектенген күріш қауызының ККҚ-900 меншікті бетінің ауданы 512 $м^2/г$ тең екенін 8-ші кестеден көруге болады. ВЈН бойынша кеуек өлшемдерінің таралуы азоттың десорбция изотермаларының тармағы таза ВЈН кеуектерінің көлемінің таралуы бойынша үлгінің адсорбциялық кеуектерінің орташа диаметрі 11 нм, десорбцияның орташа кеуек диаметрі 9,91 нм, ал ВЈН десорбциясының орташа кеуектерінің диаметрі 8,61 нм екенін 27-суретте байқауға болады.

4 МОДИФИЦИРЛЕНГЕН НАНОҚҰРЛЫМДАНҒАН КЕУЕКТІ ҮЛГІЛЕРДІҢ ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ


4.1 Модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті үлгілерінің бетінің құрылымдық ерекшеліктерін сканерлік электрондық микроскопиялық талдау көмегімен зерттеу нәтижелері алынған. Әртүрлі кен орындарында құрылымдық және физикалық қасиеттері бойынша кеуекті графиттерде айтарлықтай айырмашылықтар байқалады [107]. Бастапқы графит қабатты құрылымға ие, сонымен қатар морфологиялық құрылымы бар (кеуекті кристалды, аморфты), қабаттары параллель орналасқан графит қабаттар [108]. Бастапқы графит құрылым ерекшеліктерін зерттеу төмендегі 28-суретте келтірілген.



Сурет 28 – Бастапқы графиттің СЭМ микросуреттері

СЭМ микросуреттері негізгі қолдануы композицияның беткі топографиясынның кескінін жасау болып табылады. Үлгілер бастапқы түрінде паралель орналасқан және олардың арасында кеңістік бар (сурет 28). Электрондық микроскопиялық зерттеу нәтижелері бойынша, бастапқы графит жұқа графен қабаттардан тұратынын көруге болады. Бұл қабаттар жоғары кристалдылыққа ие.

Модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті үлгілерінің ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) бірнеше СЭМ микросуреттері ұсынылған. Айтарлықтай деформацияланған қабаттардың аймақтары 29-суретте көрінеді, сондай-ақ графит қабаттарының салыстырмалы түрде мінсіз құрылымы бар аймақтар. Қысқа және ұзақ мерзімді тәртіпті бұзу, осыған байланысты, дәл жарықтың ақаулы Раман спектрлерінің шашырауы анықталады.



а) Құрт тәрізді құрылымы бар екені анық көрсетілген; ә) 100 нм-ден астам үлкен өлшемді графит қабаттары арасындағы саңылаулардың көп мөлшері анық көрінеді.

Сурет 29 –Модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті графит ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) үлгісінің СЭМ микросуреттері


Алынған термокеңейтілген графиттің СЭМ микросуреттерінен графит қабаттары арасындағы саңылаулардың өлшемі шамамен 20-100 нм болатынын көруге болады. Бұл жағдайда металл тұздарының гексагидраттарының тотығуы кезінде үлпек агрегаттары көлемі ұлғаяды, бұл үлпек агрегатындағы графит қабаттарының арақашықтығының ұлғаюына әкеледі (сурет 29).

Көп қабатты, жоғары кеуекті материалдар түзіледі. Термиялық өңдеу кезінде графиттік кристалдық торға енгізілген $Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$ термиялық ыдырап газ тәріздес өнімдерінің бөлінуі байқалады, яғни $Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$ ыдырауын келесі химиялық реакциямен көрсетуге болады (4.1):

$$Zn(NO_3)_2 \rightarrow ZnO + NO_2 + O_2 \qquad (4.1)$$


Газ тәріздес өнімдер NO_2, O_2, CO кристаларалық кеңістікте үлкен (300-400 атм-ға дейін) ажырау қысымын жасайды (сурет 30), бұл жағдайда жоғары меншікті бетінің ауданымен және төмен көлемді тығыздығымен сипатталатын модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті графит термокеңейтілген графит үлгісі қалыптасады. Сонымен қатар, мырыш нитратының гексагидраты термиялық ыдырағанда түзілген өнім мырыш оксиді (ZnO) графитті тотықтырғыш болып табылады, сондай-ақ, графитті қабаттарды кеңеюін қамтамасыз етіп қана қоймай химиялық реакциялардың катализаторы болып табылады, құрылымдық зерттеулер [109] көрсеткендей, металл атомдарын графит қабаттарына енгізу арқылы графиттің қабаттарының кеңеюін қамтамасыз етеді.

Алынған модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті графит үлгілерінде кристалдық $Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$ ыдырауы кезінде графит бетінде наноөлшемді, яғни 3-4 нм аралықтағы ZnO бөлшектері байқалады (сурет 30).



Сурет 30 –Модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті графит ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) үлгісінің бетіне түзілген ZnO бөлшектерінің СЭМ микросуреттері

Төменде 31-суретте модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті графит ТКГ-2 (графит /$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) үлгісінің бірнеше СЭМ микросуреттері көрсетілген. Айтарлықтай деформацияланған қабаттардың аймақтары, сондай-ақ графит қабаттарының салыстырмалы түрде мінсіз құрылымы бар аймақтар көрінеді.




а) құрт тәрізді құрылымы бар екені анық көрсетілген ә) 100 нм-ден астам үлкен өлшемді графит қабаттары арасындағы саңылаулардың көп мөлшері анық көрінеді

Сурет 31 – Түрлі масштабтағы модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті графит ТКГ-2 (графит /$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) үлгісінің СЭМ микросуреттері

Ал 31-суретте көрініп тұрғандай, модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті графит ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) үлгісінің қабаттарының кеңеюі келесі реакциялардың жүруімен түсіндіріледі. Алынған термокеңейтілген графиттің СЭМ микросуреттерінен графит қабаттары арасындағы саңылаулардың өлшемі шамамен 20-100 нм болатынын көруге болады. Fe

хлоридінің кристаллогидратының ыдырауы келесі химиялық реакциямен жүреді $FeCl_3 = FeCl_2 + Cl_2$. Газ тәрізді өнімдер Cl_2, O_2, CO кристалдық кеңістікте үлкен ажырау қысымын тудырады, бұл графит жазықтықтары арасында термиялық кеңеюді болдырады (сурет 31 ә). Алынған ТКГ-2 материалында $FeCl_3 \cdot 6H_2O$ ыдырауы кезінде графит қабатарында наноөлшемді, темір оксидтері мен металл бөлшектері байқалады (сурет 32).



Сурет 32 –модифицирленген нанокұрылымданған кеуекті графит ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) үлгісінің бетіне түзілген Fe_2O_3, $FeCl_2$ және Fe бөлшектерінің СЭМ микросуреттері

32-суреттен екінші қоспадан (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) алынған нанокұрылымданған кеуекті графит үлгісінің ТКГ-2 бетінде біркелкі таралмаған мөлшері 2-3 нм-ге бөлшектері бар.

Мұндай өзгерістер модифицирлеудің негізінен көміртегі (С) кристаллографиялық бағыттағы құрылымның бұзылуымен жүретінін көрсетеді, яғни «қабаттардың» қалыңдығының төмендеуі және қабаттардың орташа диаметрін сақтай отырып, қабаттардың суперпозициясында бағдарлау тәртібінің ішінара жоғалуы. Кеуекті графитті термиялық өңдеу графит құрылымын тұрақсыздандыратын бос орындардың жоғары концентрациясының пайда болуына әкелетіні белгілі. Нанокұрылымданған кеуекті графит үлгілерінің яғни ТКГ-1 үлгілерінің меншікті кеуек көлемі мен меншікті беттік ауданы бастапқы кеуекті графитпен салыстырғанда айтарлықтай артады. Модифицирленген нанокұрылымданған үлгілердің меншікті бетінің ауданы мен меншікті кеуек көлемінің ұсынылған мәндері БЭТ әдісімен анықталған.

ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) және ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) негізіндегі модифицирленген нанокұрылымды кеуекті графит үлгілердің бөлшектер құрылымын әртүрлі деңгейде сипаттауға болады, олар термиялық кеңейтілген қабаттардың блоктары және әр қабаттың қабатты құрылымынан тұрады. Әр деңгейде ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) және ТКГ-2 (графит

/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті үлгілердің құрылымын қарастыру өте маңызды, өйткені кеуектілік тек механикалық өңдеуге байланысты емес шарттар. Сонымен қатар модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті графит ТКГ үлгілерінің қасиеттері бойынша (құрылым, түйіндеме және кеңею дәрежесі), құрылымдық фрагменттер өз құрылымын сақтайды.

СЭМ микросуреттен модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті графит үлгілерінің ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) және ТКГ-2 (графит /$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) сәйкесінше метал оксидтерінің немесе метал бөлшектерінің өлшемі шамамен 3 және 4 нм аралығын құрайтынын көруге болады. Модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті ТКГ үлгілерін алу кезінде графит қабаттарының агрегаттары термиялық соққыға ұшырайды. Бұл жағдайда қабат толтырғыштары процес барысында көлемін ұлғайтады, бұл қабат агрегатындағы графиттік қабаттар арасындағы қашықтықтың ұлғаюына әкеледі (сурет 30, 32).


Көп қабатты, жоғары кеуекті, «құрт тәрізді» элементтер түзіледі. ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) және ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті графит үлгілерді зерттегеннен кейін бұл түзілімдер модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті графит ТКГ алудың барлық кезеңдерінде «құрт тәрізді» пішіннің үлгілері болатыны анықталды. Термиялық кеңейтілген агрегаттарда қабыршақтан шыққан (сурет 29 а) немесе олардың ішінде орналасқан (сурет 31 а) таяқша түзілімдері табылды.

Осылайша, модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті үлгілердің құрылымдық элементтерінің морфологиясын зерттеу ТКГ-1 (графит/ $Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) және ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) құрылымында нығайтқыш талшықтар қызметін атқаратын икемді түзу және шиыршық таяқшаларды – «құрт» рамасының элементтерін анықтауға мүмкіндік берді. Металл оксиді бөлшектерінің (Zn^{2+} және Fe^{3+}) наноөлшемдері және олардың түзілген термокеңейтілген графит бетіндегі таралу сипаты туралы мәліметтер электронды микроскопияның көмегімен алынды (сурет 30, 32).

Мұндай өзгерістер модифицирлеудің негізінен С кристаллографиялық бағыттағы құрылымның бұзылуымен жүретінін көрсетеді, яғни «қабаттардың» қалыңдығының төмендеуі және қабаттардың орташа диаметрін сақтай отырып, қабаттардың суперпозициясында бағдарлау тәртібінің ішінара жоғалуы. Кеуекті графитті термиялық өңдеу графит құрылымын тұрақсыздандыратын бос орындардың жоғары концентрациясының пайда болуына әкелетіні белгілі.

Наноқұрылымданған кеуекті графит үлгілерінің яғни ТКГ-1 үлгілерінің меншікті кеуек көлемі мен меншікті беттік ауданы бастапқы кеуекті графитпен салыстырғанда айтарлықтай артады. Модифицирленген наноқұрылымданған үлгілердің меншікті бетінің ауданы мен меншікті кеуек көлемінің ұсынылған мәндері БЭТ әдісімен анықталған.

Бастапқы күріш қауызының құрылым ерекшеліктерін зерттеу төмендегі СЭМ-микрофотографиялары 33-суретте келтірілген.




а) КҚ сыртқы пішінінің көрінісі ә) КҚ беткі морфологиясыда SiO_2 бөлшектері

Сурет 33 – Күріш қауызының сыртқы түрінің СЭМ-микрофотографиялары

33 а суретінен көрініп тұрғандай, күріш қауызының бастапқы үлгілері өте тығыз және үстіңгі қабығында кеуектер жоқ. Күріш қауызы матрицасының бетінде түрлі формадағы ақ SiO_2 бөлшектерін де көруге болады (33 ә сурет).

Термиялық өңделген күріш қауызының құрылым ерекшеліктерін зерттеу төмендегі СЭМ-микрофотографиялары 34-суретте келтірілген.




а) ККҚ-900 сыртқы пішінінің көрінісі ә) ККҚ-900 беткі морфологиясы

Сурет 34 – 900^0С көміртектендіруден кейінгі ККҚ үлгісінің әртүрлі ажыратылымдықта берілген СЭМ микросуреттері

Көміртектендіру кезінде алынған ККҚ-900 үлгінің құрылымы өзгереді. 34 (а, ә) суретте ККҚ-900 бөлшектерінің бетінде кеуектер мен дөңес көрінеді, яғни бұрын жабылған, кеуек кеңістігімен байланыспағанын, көміртектендіру нәтижесінде түзілгенін байқалады. Бұған күріш қауызындағы органикалық заттардың термиялық ыдырауына әкелетін температураның көтерілуі есебінен қол жеткізіледі, демек, кеуектер мен дөңестердің саны артады. Бұл жағдайда сорбенттің макрокеуектілігі дамиды деп болжауға болады, ең алдымен, кремнийлі негіздің құрылымдық өзгерістеріне байланысты, (34(б) сурет). Сондай-ақ, жоғары көміртектендіру температурасында жеткізуге кедергі


келтіретін органикалық көміртектің күйіп кетуі, жабық ішкі кеуекті құрылымға қол жеткізеді, бұл мезокеуектер көлемінің күрт өсуін түсіндіреді. Осылайша, СЭМ микросуреттерінен көміртектендіру процесі барысын көруге болады, бұл бастапқы үлгімен салыстырғанда жоғары кеуектілігі бар құрылымның күрт өзгеруін алуға мүмкіндік береді. 35-суретте ККҚ-900 оптикалық микроскопиялық микросуреттері көрсетілген.



Сурет 35 – ККҚ-900 оптикалық микроскопиялық микросуреттері (әртүрлі ажыратылымдықта)

35-суретте кремний диоксиді (SiO_2) мен көміртегінің (С) кейбір бөлшектері көрсетілген. Сондай-ақ бөлшектердің бетінде диаметрі 5-15 мкм кеуектер түтіктің болуын көруге болады. Оптикалық микроскопиялық микросуреттерінен бастапқы үлгілермен салыстырғанда жоғары кеуектілігі бар құрылымның күрт өзгеруін алуға мүмкіндік беретін көміртектендіру процесінен көруге болады.


Төменде бастапқы графиттің сканерлеуші электронды микроскоптың EDAX талдауының нәтижелері берілген (сурет 36).



Сурет 36 – Бастапқы графиттің энергиядисперсиялық спектрі және элементтік құрамы

Бастапқы графитте интенсивті көміртегі шыңының болуы (сурет 36). Бұл кеуекті графиттің негізгі элементі көміртек екенін түсіндіреді. EDAX талдауының нәтижелері бойынша графиттегі көміртектің массалық үлесі шамамен 94% құрайды.


Төменде наноқұрылымданған кеуекті графит ТКГ-1 (графит/ $Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) үлгісінің сканерлеуші электронды микроскоптың EDAX талдауының нәтижелері берілген (сурет 37).



Сурет 37 – Наноқұрылымданған кеуекті графит ТКГ-1 (графит /$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) үлгісінің энергиядисперсиялық спектрі және элементтік құрамы

37-суретте тікелей тотығу арқылы алынған модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті графит ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) үлгісінің құрамында көміртектің (С) массалық үлесі үлгінің жалпы массасының 72% құрайды. EDAX талдауының нәтижелері бойынша ТКГ-1 (графит/ $Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) құрамында 7%-ға дейін оттегі бар, сондықтан тотықсызданған металдың айтарлықтай маңызды бөлігі тотығады. Модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті графит үлгісі ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) құрамында С, О, Zn, N сияқты элементтер анықталды. EDAX талдауы бойынша модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті ТКГ-1 (графит /$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) матрицасында металдардың болуы расталды.

Төменде наноқұрылымданған кеуекті графит ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) үлгісінің сканерлеуші электронды микроскоптың EDAX талдауының нәтижелері берілген (сурет 38).




Сурет 38 – Наноқұрылымданған кеуекті графит үлгісі ТРГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) энергиядисперсиялық спектрі және элементтік құрамы

38-суретте тікелей тотығу арқылы алынған Модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті графит үлгісі ТРГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) үшін көміртегінің (С) массалық үлесі үлгінің жалпы массасының 84% құрайтынын микроталдау нәтижелері көрсетеді, оларда 7% дейін оттегі (О) бар, демек металдың тотықсызданған едәуір бөлігі тотығады. Модифицирлеуден кейін наноқұрылымданған кеуекті графит ТРГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) үлгісінің құрамында Fe және Cl сияқты элементтер табылды. EDAX талдауы бойынша модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) матрицасында металдардың болуы расталды.

Демек наноқұрылымданған кеуекті графит ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) және ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) үлгілерінің сапалы талдауы бойынша графиттің термиялық кеңею қабілеті құрамында оттегінің (O_2) болуын қорытындылайды.

Күріш қауызындағы органикалық заттар көміртектену кезінде жойылады да, ал түзілген күл түрінде алынған минералды қалдық SiO_2 - ге бай [110]. Спектрлік талдау КҚ құрамында Ca, Cu, Mg, Al, Fe, K, Na, Mn, Ti, S және басқа элементтердің оксидтерінің болуын анықтады, олардың арасында Ca, Mg, Al және Fe оксидтері басым.

Төменде бастапқы күріш қауызы және көміртектеген күріш қауызы үлгілерінің сканерлеуші электронды микроскоптың EDAX талдауының нәтижелері берілген (сурет 39).



(а) - бастапқы күріш қауызы (ә) - ККҚ-900 үлгісі

Сурет 39 –Бастапқы күріш қауызы мен көміртектенген күріш қауызының энергиядисперсиялық спектрі және элементтік құрамы


Суреттен көрініп тұрғандай, 900°C температурада алынған ККҚ-дағы көміртегі (39 ә сурет) шыңы бастапқы КҚ қарағанда (39 а сурет) үлкенірек. Энергиядисперсиялық спектрлері C мен Si құрамындағы КҚ өңдеу сатыларына байланысты өзгерістерді тіркейді (39-сурет). Элементтік талдау көміртегі мөлшері заңды түрде салмағы 73,20%-ға дейін өсетінін көрсетеді. 39 (ә)-суреттен көрініп тұрғандай, алынған карбонизаттың құрамында оксид түзетін металдар - күлдің құрамдас бөліктері бар, олардың маңызды құрамы Si (25% масса).

Бұл 900°C температурадағы ККҚ негізгі компоненті кремний диоксиді (SiO_2) мен көміртегі (C) екенін түсіндіреді (сурет 39). Өсімдік шикізатында, атап айтқанда күріш қауызында полисахаридтер мен минералды бөлігі болады [111]. Минералды бөлігінің негізгі бөлігі Si, Ca, Mg, Al және K метал оксидтерінен тұрады. Көміртектену процесінде бұл элементтер кейбір өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Егер олардың кейбіреулері бос элементтер түрінде болса, онда олар оксидке дейін тотығуы мүмкін. Сондай-ақ процесс температурасына байланысты заттардың кристалдылығының немесе олардың құрылымының өзгеруі байқалуы мүмкін. Мәселен, [112] жұмысынан көміртектендіру 750°C-тан жоғары температурасында КҚ құрамындағы аморфты SiO_2 кристобалитке айналатынын көрсетті.

Алынған мәліметтер (сурет 39) ауадағы КҚ көміртектенуі кезінде 900 °C температураға дейін өңделген кезде материалдың салмағын 73,20% төмендететінін көрсетеді. Негізгі салмақ жоғалту негізінен судың бөлінуімен 250-520°C температура диапазонында термиялық-тотықтырғыштық деструкция әсерінен целлюлоза мен лигнин құрылымдарының бұзылуымен байланысты, CO мен CO_2, бұл [113] берілген зерттеу нәтижелеріне сәйкес келеді. Бұл ретте органикалық және минералды бөліктердің негізгі компоненттерінің болуы, сонымен қатар әртүрлі зерттеу объектілерінде күйдіру кезінде материалдың массасының жоғалуы айтарлықтай ерекшеленеді.

4.2 Модифицирленген нанокұрылымданған кеуекті үлгілерді Раман спектроскопиялық әдісімен талдау

Кеуекті графит және модифицирленген нанокұрлымданған кеуекті үлгілердің ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) және ТКГ-2 (графит / $FeCl_3 \cdot 6H_2O$) құрылымы Раман әдісімен анықталды. Бастапқы кеуекті графитінің және модифицирленген нанокұрылымды кеуекті үлгілердің ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) және ТРГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) Раман спектрлерін талдау 40-суретте көрсетілген.



Сурет 40 – Бастапқы кеуекті графит пен модифицирленген нанокұрылымданған кеуекті графит үлгілерінің ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$), ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) Раман спектрлері

Бастапқы графиттің кристалдық макроқұрылымның спектрінде оның 1578$см^{-1}$ бірінші ретті бір ғана сызығы (G) бар екені 40-суретте көрсетілген. Графит молекулаларының G типті тербелістері sp^2 күйінде орналасқан және графиттік желілер жазықтығында орналасқан көміртек атомдары арқылы түзіледі.

Сондай-ақ кристаллиттер немесе домендер мөлшері аз болған жағдайда, мысалы, механикалық ұнтақтау кезінде қосымша бірінші ретті сызықтар бар: D сызығы шамамен 1251$см^{-1}$, G шыңы шамамен 1578 $см^{-1}$, 2D сызықтары шамамен 2745 $см^{-1}$. 1351 $см^{-1}$ аймағындағы сызықтар, идеалды көміртекті жазықтықтар аймақтарының шеттеріндегі ақауларға жатады. Ұқсас сызықтар модифицирленген нанокұрылымданған кеуекті үлгілер ТКГ-1 (графит/ $Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) және ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) ретсіз (аморфты) ТКГ

спектрлерінде байқалады (40-сурет). Нанокристалды графиттің аморфты көміртегіге ауысу сатысында, графен қабаттарында ақаулар пайда болғанда, ал кезеңнің соңында қабаттардың толық деформациясы орын алады және алты мүшелі сақиналармен бірге көміртегінің әртүрлі саны бар сақиналар пайда болады. Термокеңейтілген графиттің бұзылысы спектрде D сызығының пайда болуымен және оның қарқындылығының жоғарылауымен бірге жүреді, бұл жағдайда G сызығының жиілігі 1570-1585 $см^{-1}$ диапазонында өзгеруі мүмкін, жарты ені 13-тен 25 $см^{-1}$-ге дейін артады (40-сурет).

Екі кеңейтілген шыңы бар: 1692 $см^{-1}$ (G сызығы) және 1361 $см^{-1}$ (D сызығы) G сызығының бөлінуіне сәйкес келеді, бұл графит нитраты сатысының ТКГ-2 үлгісінің (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) құрамында болуымен түсіндіріледі, атап айтқанда, интеркалатты қабаттарға іргелес графен қабаттары. D1 шыңы (1212$см^{-1}$) sp^3 көміртегі байланыстарының болуын көрсетеді [114] және құрылымдық ақаулар концентрациясының айтарлықтай жоғарылауын және ішінара аморфизацияға сәйкес келетін реттелген аймақтардың нанокластерге дейін азаюын көрсетеді. D сызығының қарқындылығы неғұрлым көп болса, G сызығы соғұрлым кеңірек болады. Алайда, графит спектрлеріндегі D сызығының интенсивтілігі әрқашан G сызығына қарағанда аз болып қалады [115].


Бірінші ретті аймақтағы ретсіз наноқұрылымданған кеуекті термиялық кеңейтілген графиттің құрамында sp^2 типті гибридтенумен C-C байланыстарынан туындаған екі кең қарқынды жолақтар G және D1 (1355 $см^{-1}$), сонымен қатар қосымша жолақ «ақаулары» D1 (1206 $см^{-1}$) иық бар болуы G шыңында (сурет 40).

D1 және D2 шыңдары графит жазықтықтарының шеттеріндегі және ішіндегі ақауларға байланысты графит кристаллиттерінің өлшемдерінің төмендеуімен пайда болады. Демек, модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) және ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) үлгілерінің Раман спектрінде D сызығының болуы, ақаулардың жоғары дәрежесін және кішігірім бірдей жағдайларда алынған пиролитикалық көміртектер үшін графит кристаллиттерінің өлшемдері тән [116].

Оларда бастапқы кеуекті графит спектрінде, D және D' жолақтарында жоқ спектрлер пайда болады. Бұл сызықтар термолиз өнімдерімен модифицирленген барлық термокеңейтілген графит спектрлерінде өз орнын сақтайды және олардың қарқындылығы үлгіге енгізілген металл тұздарының салыстырмалы құрамына байланысты өзгереді.

Зерттеу термокеңейтілген графит спектрінің пішіні, спектрлік сипаттамалардың жиынтығы мен мәндері бойынша ерекшеленетінін көрсетті, бұл кристалдық құрылымның жетілу дәрежесін сандық түрде анықтауға, табиғаты мен сәйкестік туралы түсінік алуға мүмкіндік береді.

41-суретте бастапқы КҚ және ККҚ-900 Раман спектрлерінің талдауы көрсетілген.




Сурет 41 – Күріш қауызы мен 900 °С температурада көміртектенген күріш қауызының Раман спектрі

Күріш қауызы (КҚ) мен 900 °С температурада алынған көміртектенген күріш қауызының (ККҚ-900) Раман спектрлері 41-суретте көрсетілген, яғни олар айтарлықтай ерекшеленеді. КҚ интенсивті шыңдарды көрсетпеді, бұл көміртегі түзілмейтінін көрсетеді. Дегенмен, ККҚ-900 аморфты көміртектен (sp^3 гибридтелген) D жолағына жататын 1350 $см^{-1}$ шамасында кең және аз қарқынды шыңды көрсетті. Ең қарқынды және кең жолақ 1520 $см^{-1}$ аймағында байқалды және жоғары кристалды графиттік көміртекке (G диапазонына) жатқызылды. G диапазоны sp^2 гибридті жазық созылатын тербелістің тән ерекшелігі болды.

«D» және «G» Раман ығысуларының жиілігі мен қарқындылығы көміртегі табиғатының кристалдылық дәрежесін және графиттің кристалдық тәртібін білдіретін I_D/I_G қатынасын (D және G жолақтарының жартылай биіктігінде) көрсетеді.

4.3 Модифицирленген нанокұрлымданған кеуекті үлгілердің рентгенфазалық талдауы

Модифицирленген нанокұрлымданған кеуекті графит үлгілердің ТКГ-1 (графит /$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) және ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) рентгенфазалық талдауы 42-суретте көрсетілген.



Сурет 42 – Бастапқы кеуекті графиттің және модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті графит үлгілерінің ТКГ-1 (графит /$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$), ТКГ-2 (графит / $FeCl_3 \cdot 6H_2O$) рентгенограммалары

Бастапқы графиттің құрылымы монофазалы екені анық 42-суретте көрінеді. Рентгендік дифракция үлгісін алу үшін үлгіні сүрту және дайындау кезінде графит бөлшектері Миллер индекстеріне (001) жататын тек бір жазықтықта қатар түзетілді. Сондықтан рентгендік кескінде (002) және (004) жазықтықтардан екі сызық бар. Бұл үлгідегі кеуекті графит пен алтыбұрышты жүйенің кристалдық торының параметрлерін анықтау мүмкін емес, өйткені индекстері (hk0) бар дифракциялық сызықтар жоқ (сурет 42).

002 индексіне сәйкес келетін жеткілікті тар және қарқынды шыңы, максимумы d_{002} =3,35^0, 2θ=26,3^0 графитте реттелген көміртекті құрылымдардың болуының көрсеткіші ретінде қызмет етеді.

Наноқұрлымданған кеуекті графит ТКГ-1 (графит /$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) үлгілерінің дифракциялық үлгілерінде 800^{0}C температурада, графитке тән 2θ=26,3^0 температурада айқын максимум байқалады, сонымен бірге аморфты көміртектің салыстырмалы мөлшері азаяды. 800^{0}C процес кезінде нанобөлшектердің пайда болуымен мырыш азаяды. Тотықсыздану мырыш оксидінен орын алады, бұл 800^{0}C-та синтезделген нанокомпозиттік үлгілердің дифракциялық үлгісіндегі сәйкес фазалардың әлсіз шағылысуымен дәлелденеді, бұл темодинамиканы есептеу және композициядағы химиялық түрленулердің кинетикасын зерттеу нәтижелерін растайды. Синтез температурасы 800^{0}C-қа дейін көтерілген сайын мырыш 2θ фазасының шағылысу қарқындылығы позицияны өзгертпей артады (32,1^0; 34,5^0; 35,2^0), бұл композицияның ісінуінің орташа мөлшерінің ұлғаюын көрсетеді. Модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті үлгілердің ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) дифракциялық көріністерінде


Фурье талдауын қолдана отырып, осы сызықтың фонында 2θ = 26,6 және 2θ = 33,2 бұрыш аймағындағы анықталған шыңдарды, темір оксидтері және темір-иттрий дейтериді ретінде түсіндіруге болады.

ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) наноқұрылымданған кеуекті үлгілерінің рентгендік дифракциялық көрінісі 800^0C қыздырудан кейін айтарлықтай өзгереді.

Көрсетілген температурада модифицирленген үлгінің негізгі бөлігі тригональды фазаның - Fe_2O_3 құрылымына ие, бұл мәліметтерге сәйкес 800^0C болатын $Fe_3O_4 \rightarrow Fe_2O_3$ фазалық ауысуының нәтижесі. Екінші жағынан, қатты фазалық жүйелердегі қайта құру фазасының ауысуы кезінде әдетте айтарлықтай маңызды құрылымдық қайта құрулармен бірге жүретін диффузиялық қиындықтар бар. Дегенмен, Fe_2O_3 іздері әлі күнге дейін наноқұрылымданған кеуекті үлгілердің ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) рентгендік дифракциялық көріністерінде байқалады. Үлгілердің кеңею дәрежесі артқан сайын бір кристалдық құрылымнан екіншісіне фазалық ауысу жүреді, бұл кристаллит өлшемдерінің ұлғаюымен және 25.1^0 шыңы үшін кристалдық микроақаулардың мәндерінің төмендеуімен көрсетіледі. Бұл ретте $26,9^0$ шыңы үшін кері процесс орын алады.

Осылайша, жүргізілген рентгендік дифракциялық зерттеулер жоғары сапалы наноқұрылымды кеуекті термокеңейтілген графит үлгілері көрсетті, кеңеюдің ең жоғары дәрежесіне ие, ал жазықаралық қашықтыққа сәйкес $d=3,33^0$, (002) шыңы ыдырағанда ешқандай шың байқалмауы керек.

900ºC температурада көміртектенген күріш қауызының рентгенфазалық талдауы 43-суретте көрсетілген.




Сурет 43 – 900ºC температурада көміртектенген күріш қауызының ренгенограммасы

Кең тегіс түйнектер 22 және 30° дифракциясы аморфты материалға тән белгі болып табылады, көміртектендіру процесі целлюлозаның кристалдық құрылымын адсорбцияға қабілетті аморфты, кездейсоқ, ретсіз құрылымға айналдыратынын 43-суретте көрсетіледі. Үлгінің рентгендік дифракциясы аморфты материалдың құрамында SiO_2 мен С бар екенін көрсетеді. Күріш қауызындағы Si мен моносахаридтер арасындағы мүмкін байланыстар [117] көрсетілген.

Көміртектендіру органикалық заттардың ыдырауына және Si мен органикалық матрица арасындағы байланыстың бұзылуына әкеледі. Si-O топтары бір-бірімен байланысып, кристобалит пен тридимиттің төмен формаларын түзеді. Аморфты SiO_2 [117] болуына сәйкес, 2Ө 22° күрт шыңы байқалады. 2Ө 30° аймақ С целлюлозаға тән және (002) және (100/101) графит құрылымымен байланысты жазықтықтардың бастапқы түзілуін көрсетеді.

4.4 Модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті үлгілердің Инфрақызыл спектроскопиялық талдауы

Бастапқы графит және модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті графит ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) және ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) үлгілерінің инфрақызыл спектрлері 44-суретте көрсетілген. Графиттегі және модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті графит үлгілердің ТКГ-дегі функционалдық топтарды ИҚ-спектроскопия көмегімен анықтау да бастапқы графитпен салыстырғанда, оның құрылымындағы кейбір айырмашылықтарды көрсетеді.



Сурет 44 – Бастапқы графит және модифицирленген наноқұрлымданған кеуекті графит үлгілерінің ТКГ-1(графит / $Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$), ТКГ-2 (графит / $FeCl_3 \cdot 6H_2O$) инфрақызыл спектрлері


Бастапқы графит спектрінде (сурет 44) С-С-С, С=С және С-О-С байланыстарына жататын максимумдары 1458 $см^{-1}$, 1619 $см^{-1}$, 1115 $см^{-1}$ болатын үш интенсивтік жұтылу шыңы 44-суретте анық байқалады. 618 $см^{-1}$ жиіліктегі жұтылу шыңы альдегидтердің, кетондардың және карбон қышқылдарының карбонил тобының (С=О-) созылу тербелістеріне сәйкес келеді. 3416 $см^{-1}$ шыңы карбоксил тобының О-Н байланысының тербелістерін сипаттайды [118]. С-О тобындағы спирттердің созылу тербелісі 1620 $см^{-1}$ жолақ пайда болуына әкеледі.

Модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті үлгісі ТКГ-1 (графит /$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) бойынша алынған мәліметтерді талдау (сурет 45), графитті мырыш кристалды гидратымен тотықтыру әдісі нені білдіреді: ТКГ-1 (графит /$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) бастапқы графитпен салыстырғанда, үлкен шыңның қарқындылығымен, демек, үлкен реактивтілігімен сипатталады (сурет 44).

Дегенмен, жалпы спектрлік сурет зерттелетін модифицирленген қоспалардың химиялық құрамының тәжірибелік сәйкестігін көрсетеді. Бұл олардың Инфрақызыл спектрлерінде 1117-1620 $см^{-1}$ аймағындағы жұтылу жолақтарының болуымен расталады, 1620 $см^{-1}$ жиіліктегі жолақ ароматты сақинадағы С=С байланыстарының иілу тербелістеріне сәйкес келеді, сонымен қатар адсорбцияланған су молекулаларының созылу тербелістерімен байланысты. 1117 $см^{-1}$ жолағы карбоксил тобындағы С-О байланысының бар екенін көрсетеді. Көп көміртекті байланыстардың созылу тербелістеріне сәйкес және 3415 $см^{-1}$ аймағында гидроксил тобының созылу тербелістеріне тән. О-Н тобындағы спирттердің созылу тербелісі 3415 $см^{-1}$ жолақ пайда болуына әкеледі [119].

Дегенмен, наноқұрылымданған кеуекті ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) үлгісінің спектрлік суреті зерттелетін модифицирленген қоспалардың химиялық құрамының тәжірибелік сәйкестігін көрсетеді, бұл олардың ИҚ спектрлерінде 1619 $см^{-1}$ аймағындағы жұтылу жолақтарының болуымен расталады, максималды 618 $см^{-1}$ болатын сіңіру шыңынын қарқындылығы, 1619 $см^{-1}$ жиіліктегі сіңіру жолағы альдегидтердің, кетондардың және карбон қышқылдарының карбонил тобының (С=О-) созылу тербелістеріне сәйкес келеді [120]. 3414 және 3470 $см^{-1}$ жолақтары гидроксил тобының О-Н жазықтықтан тыс тербелістеріне тән. Осыған байланысты метал тұздарының гексагидраттары термиялық кеңейтілген графит өндіруге әсері зерттелді. Термиялық өңдеудің көмегімен, кристалдық метал тұздарының гексагидраттарын енгізу арқылы термокеңейтілген графиттің технологиялық, физика-химиялық және физика-механикалық қасиеттері бойынша құрылымдардың кеңеюін арттыруды қамтамасыз етеді.

Бастапқы күріш қауызы және 900^0С температурада көміртектендіру арқылы алынған күріш қауызы (ККҚ-900) үлгілерінің Инфрақызыл спектрлері 45- суретте көрсетілген.



Сурет 45 – Бастапқы күріш қауызы және 900ºС температурада кезіндегі алынған көміртектенген күріш қауызының Инфрақызыл спектрлері

45-суретте 3320-3250 $см^{-1}$, 1065-1015 $см^{-1}$ және 430-520 $см^{-1}$ аралығында байқалған шыңдар O–H созылуын, Si–O–Si асимметриялық созылуын және сәйкесінше Si–OH иілісін көрсетті. O–H созылуы, Si–O–Si иілісі КҚ және ККҚ-900 екеуінде де байқалды, ал Si–OH тек ККҚ-900 пайда болды [121]. Көміртектендіру арқылы алынған ККҚ-900 үлгісіндегі 520 $см^{-1}$ тағы бір тәжрибелік зерттеу Si–OH (аморфты кремнезем) антисимметриялық созылуын көрсетті, өйткені Si күріш материалының химиялық құрылымындағы негізгі компонент болып табылады. Ол жоғары температурада пайда болуын жалғастырды. 1640 және 1650 $см^{-1}$-де қарқындылығы төмен шыңдар карбоксильді топтың (C=O) (гемицеллюлозадан түзілген эфирлі карбоксильді топ) байланыс ауытқуларына сәйкес келеді. 1065 $см^{-1}$ силоксан тобының (Si-O-Si) тербелістерін сипаттайды [121].

5 МОДИФИЦИРЛЕНГЕН НАНОҚҰРЫЛЫМДАНҒАН КЕУЕКТІ ҮЛГІЛЕРДІҢ МҰНАЙ СІҢІРУ ҚАСИЕТТЕРІ


5.1 Алынған модифицирленген нанoқұрылымды кеуекті графит үлгілерін оксидті қоспалардан сілтілік әдіспен тазарту

Сілтілеу. Термиялық өңдеуден кейін алынған модифицирленген нанoқұрылымданған кеуекті үлгілерді ТКГ-1 (графит / $Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$), ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) массасы 0,4 г дөңгелек түбі бар колбаға салып кері тоңазытқышпен орнатады және 9-кестеге сәйкес массалық қатынаста 5М натрий гидроксиді (NaOH) дайындалады [122].

Кесте 9 – Термиялық өңдеуден кейін алынған модифицирленген ТКГ-1 және ТКГ-2 үлгілерін сілтілеу нәтижелері

Үлгі	NaOH, мл	уақыт, сағ	Шығымы, %
ТКГ-1(графит /$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$)	50	2	62.6
ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$)	50	2	61.0

Модифицирленген нанoқұрылымданған кеуекті графит ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$), ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) үлгілерінің бетіндегі металл (мырыш, темір) оксиді бөлшектерінің электронды микросуреттері 46-суретте көрсетілген. Бұл әдісті қолдану басқа қасиеттерін нашарлатпай нанoқұрылымданған кеуекті графит үлгінің құрылымын дамытуға (кеңейтуге) мүмкіндік береді.



Сурет 46 – Модифицирленген нанoқұрлымданған кеуекті графит ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) (а), ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) (ә) үлгілерінің сілтілеуден кейінгі қабаттарының СЭМ микросуреттері

Модифицирленген нанoқұрылымданған кеуекті графит ТКГ-1 (графит/ $Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) және ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) үлгілерің СЭМ микросуреттері нәтижелерінен қабаттардың металл оксидтерінің бөлшектерімен бітеліп қалғаны 46-суретте көрінді. Сондықтан одан әрі

зерттеулер осы қабаттарды ашуға бағытталды. Сілтімен жуудан тұратын модифицирленген кеуекті ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) және ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) үлгілерінің кеуекті құрылымын белсендіру әдісі әзірленді. Металл (мырыш, темір) оксидтерін натрий гидроксидімен шаймалаудың химиялық реакциясы келесідей жүреді (5.1; 5.2):

$$ZnO+NaOH= Na_2ZnO_2 + H_2O \quad (5.1)$$

ZnO мен натрий гидроксидінің натрий цинкаты (Na_2ZnO_2) мен суды түзу реакциясы. Шаймалау бейтарап (pH=7) ортасына дейін жүргізіледі. Бұл қышқыл-негіз реакциясы (бейтараптандыру): ZnO - қышқыл, NaOH - сілті. ZnO қышқылдарда да, сілті ерітінділерінде де еритін амфотерлік сипатқа ие [122]:

$$ZnO + 2NaOH + H_2O \rightarrow Na_2[Zn(OH)_4] \quad (5.2)$$

Қыздырған кезде жүйелі тетрагидроксицинкат $[Zn(OH)_4]^{2-}$ аниону сусызданады (5.3):

$$[Zn(OH)_4]^{2-} \rightarrow ZnO_2^{2-} + 2H_2O \quad (5.3)$$


Fe_2O_3 - оксид, амфотерлі қасиет көрсетеді:

$$Fe_2O_3 + 2NaOH + 3H_2O - {}^{t^oC}\rightarrow 2Na[Fe(OH)_4] \quad (5.4)$$

$$Fe_2O_3 + 2OH^- + 3H_2O - {}^{t^oC}\rightarrow 2[Fe(OH)_4]^- \quad (5.5)$$

Fe_2O_3 мен NaOH реакциясынан (5.4) ерітіндідегі натрий диоксоферрат (III) тұзын алуға болады. Айта кету керек, әртүрлі амфотерлі оксидтер үшін қасиеттердің екі жақтылығы әртүрлі дәрежеде көрсетілуі мүмкін. ZnO қышқылдарда да, сілтілерде де бірдей оңай ериді. Бұл оксидте негіздік және қышқылдық функциялар шамамен бірдей дәрежеде өрнектеледі. Темір (III) оксиді Fe_2O_3 негіздік қасиеттерге ие, ол жоғары температурада сілтілермен әрекеттескенде ғана қышқылдық қасиет көрсетеді. Сілтілеу процесі кезінде ерітіндідегі сілтінің концентрациясы төмендейді, ал мырыш гексагидратының концентрациясы жоғарылайды. $Zn(OH)_2$, $Fe(OH)_3$ тұндыру жақсарту мен негізгі және күрделі мырыш тұздарының түзілуін болдырмау үшін артық сілтіні сақтай отырып аяқталады: $Na_2[Zn(OH)_4]$ және $NaFeO_2$. Бұл қосылыстар аз ериді және $Zn(OH)_2$ бірге тұнбаға түседі. 46 (а, ә) суреттен металл оксидінің (мырыш, темір) бөлшектері қабаттардың бетінде орналасқанын және кеуектер анық бітеліп тұрғанын көруге болады. Ал сілтімен шаймалаудан кейін металл оксидтерінің (мырыш, темір) бөлшектері көрінбейді, сонымен қатар модифицирленген нанокұрлымданған кеуекті ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) және ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) үлгілернің құрылымы мен бетінің айтарлықтай өзгеруін көруге болады, саңылау тәрізді кеуектерінің көп

болуымен сипатталады. Модифицирленген нанокұрлымданған кеуекті графит үлгілерін сілтілендіруден кейін элементтік құрамындағы көміртегі мөлшерінің артатытын көрсетеді (сурет 47).




Сурет 47 – Модифицирленген нанокұрлымданған кеуекті ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) және ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) үлгілерінің сілтілендіруге дейінгі және кейінгі үлгілердегі көміртегі мөлшерінің салыстырмалы диаграммасы

Автоклав жағдайында модифицирленген нанокұрлымданған кеуекті графит ТКГ-1 (графит/$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) үлгі сілтімен өңдеу кезінде бетіндегі қоспаның терең 47-суретте ыдырауы байқалады, көміртегі мөлшері 94%-ға, ал ТКГ-2 (графит/$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) үлгісінің көміртегі мөлшері 87,7%-ға жетеді. Алынған мәндерге негізінен қоспаларды еріту есебінен қол жеткізіледі. $Zn(OH)_2$, $Fe(OH)_3$ сілтілік ортада тұндыру процесін жүргізу электрохимиялық белсенділігі төмен ірі кристалдардың түзілуіне әкеледі [122]. Алынған Zn^{2+} гидроксиді мен Fe^{3+} гидроксиді сүзіледі, кептіріледі, гидроксидтерден жуылады және қайтадан кептіріледі. Zn^{2+} гидроксиді мен Fe^{3+} гидроксиді алдын ала кептіру OH-ионды қоспаларды тиімдірек жоюға мүмкіндік береді. Кептіру кезінде Zn^{2+} гидроксиді мен Fe^{3+} гидроксиді кристалданады, бетінде сумен оңай жуылатын тұздар түзеді.

5.2 Модифицирленген нанокұрылымданған кеуекті үлгілердің сорбциялық қасиетін сынау


Модифицирленген нанокұрылымды графит, ТКГ-1 (графит/ $Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$), КҚ және ККҚ-900 үлгілерінің адсорбциялық қасиеттері метилен көгінің көмегімен сыналды. Әрбір модифицирленген нанокұрылымды кеуекті графит, ТКГ-1 (графит /$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$), КҚ және ККҚ-900 үлгілерінің 0,1 г адсорбент 0,001 г қателікпен өлшенді. Әрбір үлгі бөлме температурасында (20±2°C) шыны түтіктегі 50 мл конустық колбаға үлгі сынамасы салынды, оған 25 мл метилен көк ерітіндісін (1500 мг/л) [123] қосады, қақпағын жауып, 60

минут бойы механикалық араластырғышқа қойып араластырады. Содан кейін үлгі мерітінділері әртүрлі уақытта: 1 сағат, 2 сағат, 4 сағат, 6 сағат және 24 сағатта алынды (сурет 48).



Сурет 48 – Үлгілердің адсорбциялық қасиеттерін метилен көгі бойынша сынау процесі

Ерітіндінің 5 мл-ін оптикалық тығыздығы 0,8 бірліктен ассқандықтан 25 мл өлшегіш колбаға ауыстырылып дистилденген сумен белгіге дейін сұйылтылды. Сұйылтудан кейінгі ерітіндінің оптикалық тығыздығы 0,1-ден 0,8 оптикалық бірлікке дейін болуы керек. Сумен сұйылтылғаннан кейін спектроскопиялық талдаулар жасалынды. UV-Vis деректері Agilent спектрофотометрінің көмегімен тіркелген толқын ұзындығында (660 нм) алынды. Метилен көгінің адсорбциялық қабілетін сынау кезінде әртүрлі уақытта алынған үлгілер адсорбциялық кинетикалық қисықтары 49-суретте берілген.




Сурет 49 - Алынған наноқұрлымданған кеуекті үлгілердің метилен көгінің адсорбциялық кинетикалық қисықтары

49-суретте берілген қисықтар арқылы МК адсорбция деректерін салыстыру, наноқұрылымданған кеуекті ТКГ-1 (графит / $Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) басқа бастапқы графит, күріш қауызы және ККҚ-900 үлгілеріне қарағанда метилен көгін көбірек адсорбциялайтынын анық көрсетеді және бұл нәтиже әртүрлі бет сипаттамаларын ескере отырып түсіндіруге болады және жақсы адсорбент болып табылады.

5.3 Алынған модифицирленген наноқұрылымданған кеуекті үлгілерді су бетіндегі мұнай төгінділерін жою үшін қолдану

Алынған үлгілердің мұнай сорбциялық қасиеттерінің уақыт бойынша сипаттамаларының әсері зерттелді. Адсорбция процесі екі фазадан тұратыны анықталды: жылдам және баяу. Мұнай және мұнай өнімдерінің көп бөлігін алғашқы 5 минут ішінде сіңіреді (сурет 50). Шамамен 60 минутқа созылатын екінші кезеңде тепе-теңдікке жеткенше баяу процес жүреді. Үлгілердегі мұнай сорбциялық қасиеттері бастапқы жоғары деңгейі макро және мезокеуектердің көп болуымен байланысты. Бұл сонымен қатар үлгілердің бөлшектерінің бетіндегі адсорбциямен, кейіннен ішкі мезокеуектерге енумен түсіндіріледі.



Сурет 50 – Наноқұрылымданған кеуекті үлгілердің мұнай сорбциясынының қасиетін анықтау сұлбасы

Наноқұрылымданған кеуекті үлгілердің мұнай сорбциялық қасиеттерінің қалай өткенін 50-суреттен көруге болады. Қалыңдығы 100 мм болатын металл сыйымдылықта (а) 0,1 г үлгіні дайындау, суы бар стақанға (б) қалыңдығы 0,1 мм болатын мұнайды құю, содан кейін сыйымдылықтарды мұнайы бар стақанға (в) салу, 5 мин. кейін мұнайға арналған басқа стақанға сорбцияланған мұнайы бар үлгілер (д) салынды, ал су мен мұнайы бар стақан (г) мөлдір болды. Мұнай сорбциясы келесідей есептелді: (г/г) = $(S_{жс} - S_б)/S_б$; Мұндағы: $S_б$ - бастапқы сорбенттің массасы, $S_{жс}$ - сорбциялық сынақтың соңында мұнаймен жұмсалған сорбенттің массасы.

Алынған модифицирленген нанокұрылымданған кеуекті үлгілердің бөлме температурасындағы мұнай сорбциялық қасиеттерінің нәтижелері 10-кестеде келтірілген [124].

Кесте 10 –Үлгілердің мұнай сорбциялық қасиетінің нәтижелері


Сорбент	$S_{жс}$, жұмсалған сорбенттің массасы (сорбент +мұнай), г	S_0, бастапқы сорбент массасы, г (Таразы. дискреттілігі (бөлу мәні 0,01 г))	Мұнай сорбциялық қасиеті, г/г
графит	4,2±1,0	1,0±0,01	4,1±1,0
ТКГ-1 сілтілеуге дейін	91±1,0	1,0±0,01	90 ±1,2
ТКГ-1 сілтілеуден кейінгі	88±1,2	1,0±0,01	77±1,3
ТКГ-2 сілтілеуге дейін	80±1,0	1,0±0,01	79±1,1
ТКГ-2 сілтілеуден кейінгі	69±1,4	1,0±0,01	68±1,0
КҚ	26±0,3	1,0±0,01	25±0,2
ККҚ-900	57±0,4	1,0±0,01	56±0,3

6 МҰНАЙ ЖАҒУ КЕЗІНДЕ АЛЫНҒАН ТЕРМИЯЛЫҚ КЕҢЕЙТІЛГЕН ГРАФИТТІҢ ҚАСИЕТІНЕ СЫРТҚЫ ОРТА ФАКТОРЛАРЫНЫҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

6.1 Мұнай жағу кезінде түзілген термиялық кеңейтілген графит қасиеттері

Жұмыстың бұл бөлімінде мұнай төгілулерінің салдарын бейтараптандыру үшін экологиялық қауіпсіз және экономикалық жоғары тиімді реагент ретінде инновациялық кеуекті термиялық кеңейтілген графитті қолдану әдістемесін дайындау жоспарланды. Қолданылған қоспа бөлшектерінің мөлшері 0,4-0,8 мм графит (ГОСТ 5279-74), ісіну агенті - темір хлоридінің гексагидраты ($FeCl_3 \cdot 6H_2O$) және мырыш нитратының гексагидраты ($Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$). Наноқұрылымданған кеуекті графит ТКГ үлгісінің мұнай сорбциялық қасиетін зерттеу мақсатында 20^0С-да тығыздығы 0,937 г/см^3 болатын Қаражанбас мұнайы қолданылды. Мұны халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, судың бетіне төгілген мұнайды термиялық жағу әдісі төгілген мұнай қабатының қалыңдығы 1 мм-ден астам болған кезде мүмкін болады. Дегенмен, реагент құрамын қолданатын көптеген тәжірибелерден жануды, қабат қалыңдығының әлдеқайда 1 мм-ден әлдеқайда аз болғанда да жүзеге асыруға болатындығын көрсетеді. Сонымен бірге сорбент тұзды да, тұщы да суда, төмен температура мен сыртқы әсерлер жағдайына қарамай бірдей жұмыс істейді [125]. Алдымен су бетіне қалыңдығы 0,5-1 мм мұнай қабаты құйылады, содан кейін ол өртеледі. Мұнай жанып жатқанда, төгілген мұнай бетіне берілген қатынасындағы қоспаларды жалпы массасы 1,0 г (20%графит/80%$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$; 30%графит/ 70%$FeCl_3 \cdot 6H_2O$) реагенттерді шашып жібереміз немесе мұнай жанбай тұрып, содан кейін мұнайды жағуға болады.


51-суретте зертханалық жағдайында мұнайды жағу кезінде наноқұрылымданған кеуекті графиттің термиялық кеңейтілген үлгісінің түзілу және мұнайды жою үшін сорбент ретінде қолдану әдістемесінің сұлбасы көрсетілген.



Сурет 51 – Зертханалық жағдайда мұнайды жағу кезінде наноқұрылымданған кеуекті графиттің термиялық кеңейтілген үлгісінің түзілу және мұнайды жою үшін сорбент ретінде пайдалану сұлбасы

Түзілген сорбент мұнай жанып болғаннан кейін де өзінің қалқығыштық қасиетін жоғалтпайтынын 51-суреттен көруге болады және қалдық мұнай мөлшері шамалы болғандықтан, сорбциялық массаны экологиялық қауіпсіз деп санауға болады. Содан кейін мұнайы бар сорбентті су бетінде жинап, мұнайды сығып алынғанша сіңірілген мұнай сақталады. Графиттің термиялық кеңеюі графит матрицасының ішіндегі газ қысымының жоғарылауымен түсіндіріледі де, ауа-мұнай қабаты-су қабаты қоспасының фазалық шекарасында мұнай жанған кезде жеткілікті жоғары қыздыру жылдамдығымен графит қабатының термиялық кеңею байқалады.

Жану өнімдерінің құрамы мұнайдың құрамына және артық ауа қатынасына байланысты. Көмірсутектердің жануының негізгі өнімі көмірқышқыл газы (CO_2), бірақ жану диффузиялық болғандықтан және ауа жеткіліксіз болғандықтан, онда көміртек диоксиді (CO), толық емес жану өнімдері – әртүрлі құрылымды көмірсутектер (формальдегид, органикалық қышқылдар, бензин, пирен және т.б.), күйе (C) түзіледі. Алынған үлгілерімізді белгілі қатынаста мұнай бетіне сеуіп мұнай жалынында жағу 52-суретте көрсетілген.



а) ТКГ-1 (20% графит/80%$Zn(NO_3)_2 \cdot 6H_2O$) б) ТКГ-2 (30% графит/70%$FeCl_3 \cdot 6H_2O$)

Сурет 52 – Зертханалық жағдайда судың бетінде мұнай жағу кезінде термиялық кеңейтілген графитті (ТКГ) алу

Жану процессі ауаның бөлігі болып табылатын азотты қамтиды. Мұнайдың толық жануы CO_2 және H_2O түзілуіне әкеледі, толық емес жану CO және H_2O (6.1) түзілуіне әкеледі. Жеңілдетілген түрде алдын ала тотығу нәтижесінде пайда болған мұнайдың жануы кезіндегі бірінші типті реакциялар келесі теңдеумен сипатталады [125]:

$$C_mH_n + (m + 0{,}25n)O_2 = mCO_2 + 0{,}5nH_2O \qquad (6.1)$$

Мұнайдың термиялық ыдырауы кезінде келесі реакция жүреді (6.2):

$$C_nH_{2n+2} \rightarrow C_nH_{2n+2} + C_nH_{2n(n-m)} \qquad (6.2)$$

Термиялық өңдеуден кейін қаныққан және қанықпаған көмірсутектер түзіледі. Жану кезінде қаныққан көмірсутектердің негізгі химиялық қасиеті CO_2 және H_2O (6.4) түзу арқылы толық жану болып табылады. Жалпы түрдегі алкандардың жану реакциясының теңдеуі (6.3):

$$C_nH_{2n}+2 + ((3n+1)/2)\ O_2\ nCO_2 + (n+1)H_2O + Q \qquad (6.3)$$

$$CH_4+ O_2 \rightarrow CO_2+H_2O+Q \qquad (6.4)$$

